

Мемлекеттік идеологияның бізге аса қажет бір ірі бұтағы, қомақты тармағы – халықты, ұрпақты патриотизмге, отаншылдық рухқа, елді, әсерді сүйуге, қорғауға жұмылдыру.

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

ИНДЕТПЕН КҮРЕС



«МЕН ЕКПЕ
АЛДЫМ!»

6

ТӘУЕЛСІЗДІК – 30



ЖАСАМПАЗДЫҚ ЖОЛЫ:
30 ЖЫЛДЫҢ
30 СӘТІ

12-13

ЖАҚЫНЫҢА ЖАНАШЫР БОЛ!



ХАЛЫҚ САНАҒЫ – 2021



«ҚАЗАҚСТАНДА
ӨРКІМ МАҢЫЗДЫ!»



www.almaty-akshamy.kz



9 772223 237006

Бақытжан САҒЫНТАЕВ:

АХУАЛ КҮРДЕЛІ, БІРАҚ БАҚЫЛАУДА



Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаев «Алматы» телеарнасындағы «Akimat LIVE» бағдарламасының кезекті тікелей эфирінде мегаполистегі эпидемиологиялық ахуалдың күрделенуі және КВИ дертінің асқынуы туралы хабарлады. Вирустың таралуына қарсы тұру үшін қалалықтарды белсенді түрде екпе алуға шақырды. Сонымен қатар, шаһар тұрғындарының сауалдарына жауап берді.

2-3

МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫЛАР марапатталды



Шаһарда «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауының қалалық кезеңінің қорытындысы шығарылды. Жеңімпаздарды Алматы қаласы әкімінің орынбасары Ержан Бабақұмаров құттықтады.

Байқаудың қалалық кезеңіне қатысуға 142 отбасы өтініш берген. Оның ішінде

Наурызбай ауданынан Ахметовтер отбасы жеңімпаз атанып, республикалық жарысқа Алматы қаласынан қатысуға жолдама алған. Ахметовтер отбасында ерлі-зайыпты екеуі де – дәрігер, кіші қызы мен немерелері де ата-анасының жолын қуған.

(Жалғасы 9-бетте).

ҚЫСҚА...

- «Алтын орда» базары маңындағы жол мен көпірдің құрылысы жыл соңына дейін аяқталады.
- 2023 жылы пайдалануға берілетін Үлкен Алматы айналма автомобиль жолы мегаполисті Қарасай, Іле, Талғар аудандарымен байланыстырады.
- Мегаполисте күн сайын 2700 адам КВИ дертімен жедел жәрдем шақыруда.
- Елімізде жемістер мен көкөністер бір айда 7,7%-ға қымбаттаған.
- Шаһарда жалға берілетін 480 велосипедке күрделі жөндеу жүргізілді.
- 30 шілдеде сағат 9-дан 17-ге дейін қаладағы Гагарин – Қожанов – Өтепов – Жароков – Розыбакиев көшелеріндегі тұрғын үйлер мен ғимараттарда суық су болмайды.



(Басы 1-бетте)

СӘБИЛЕР ДЕ ІНДЕТ ШЕҢГЕЛІНДЕ

Алматыда КВИ бойынша эпидемиологиялық ахуал соңғы аптада айтарлықтай нашарлады. 23 шілдеден бастап КВИ-ді күнделікті тіркеу 1 мың жағдайдан асты. Егер 23 шілдеде 1080 жағдай тіркелсе, 27 шілдеде тіркелгені – 1250. Жыл басынан бері КВИ жағдайларының жалпы саны 75 153 болса, ал шілденің басынан бері 16 911 жағдайға жетті.

Апта ішінде науқастар саны 1,2 есеге өсті – 5483 жағдайдан 6818-ге дейін, тәуліктік өсім 1,3%-ды құрады. Симптомды науқастардың үлес салмағы баяулап, 90% деңгейінде қалды. Осылайша, шілдеде базалық сценарий бойынша болжанған 27,5 мың жағдай тіркеліп, эпидемиологиялық жағдай расталды.

Алматы қаласының тұрғындарын екпемен қамту 27 шілдедегі жағдай бойынша: I компонентті алғандар көрсеткіші – 49,9%, II компонентті алғандар халықтың ресми саны бойынша 33,6%-ды құрады. Алайда, бұл ковидтің «дельта» штамынан туындаған эпидемияның кезекті толқынын тұрақтандыру үшін әлі де жеткіліксіз.

Сонымен қатар, науқастардың соңғы екі аптадағы жас құрамына жасалған талдау мынаны көрсетеді, 1 жасқа дейінгі балалар арасында індет көрсеткіші өсті. Өткен аптада 135 бала дертке шалдықса, қазір олардың саны 178 балаға артты. КВИ дерті 20-дан 40 жасқа дейінгі азаматтар арасында – 38%, 40–59 жаста – 25% және 60 жастан асқан адамдарда 20%-ға басым.

Осыған орай, Б.Сағынтаев алматылықтар мен қала қонақтарын КВИ-ге қарсы екпе алып, сақтық пен жауапкершілік танытуға шақырды.

– Тек екпе алу арқылы ғана өміріміз бен денсаулығымызды сақтай аламыз. Ең бастысы, вакцина алған қалалықтар өздерінің жақындары мен айналасындағылардың – достарының, әріптестері мен таныстарының қауіпсіздігін қамтамасыз етеді, – деді қала басшысы.

ДӘРІ-ДӘРМЕК ҚОРЫ ЖЕТКІЛІКТІ

Қала әкімі Бақытжан Сағынтаев «Almaty LIVE» бағдарламасының барысында ковидті стационарлардың дайындығы және дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету туралы да айтты.

Әкім сөзіне сүйенсек, бүгінде Алматыда 7000 инфекциялық төсек-орын дайындалды. Оның ішінде 6265-і қолданыста, олардың жүктемесі 58,7%-ды құрайды. Қосымша резервте 2400 төсек-орын бар. Олар қазір кезеңмен іске қосылады. Егер тамызда ахуал ушығатын болса, онда 3000 резервтік төсек-орын пайдаланылатын болады.

Сонымен бірге, балалар мен ересектерге ургентті және мамандандырылған медициналық көмек көрсететін негізгі мамандандырылған клиникалар, оның ішінде онкологиялық және кардиологиялық клиникалар жұмыс істейді.

Анықталған жағдайлардың пропорционалды саны бойынша ауруханаға жатқызу артуда. Егер бір ай бұрын ауруханаға тәулігіне 40–70 науқас жатқызылса, қазір тәулігіне 400–500-ге дейін пациент қабылданауда. 27 шілдеде ауруханаларға 516 науқас түсті.

28 шілдеде стационарларда 3943 науқас жатыр, оның ішінде 215-і бала. 119 науқастың жағдайы өте ауыр, 990-ы ауыр халде.

Инфекциялық стационарларда 500 реанимациялық төсек-орын бар. Жүктеме – 53,4%, 267 науқас. ӨЖЖ аппаратында – 28, инвазивті емес өкпені желдетуде – 110, High Flow аппаратында 103 науқас жатыр.

Өлім-жітім санын азайту бойынша жұмыстар жүргізілуде. Тәжірибелі кафедралды қызметкерлер арасынан мобильді реанимациялық орталық ұйымдас-тырылды. Жансақтау бөлімдерінің медициналық құрылғылармен жабдыкталуы 100%-ды құрайды.

КВИ-мен күреске 6212 медицина қызметкері қатысуда. 1700-ден астам мед-қызметкер резервте. Кадрларды қайта даярлау жүріп жатыр.

Телемедицина орталығы мен МСАК ұйымдарының бақылауындағы үйдегі науқастардың саны 5 есеге өсті – 7702-ге



АХУАЛ КҮРДЕЛІ,

дейін. Стационарлар мен МСАК ұйымдарының жанынан науқастарға дер кезінде диагноз қою мен емдеу үшін мультидисциплинарлы топтар құрылды.

Жедел жәрдемді күн сайын шақыру саны 2750-ге дейін өсті, ЖРВИ, КВИ және пневмония бойынша шақырулардың үлесі шілде айында 2 есеге өсті: 15-тен 30%-ға дейін.

– Бүгінде қалалық дәріханалар желісін қамтамасыз ету үшін 5 миллиард теңгеге тұрақтандыру қоры жұмыс істейді. Дәрі-дәрмектердің 68 атауы бойынша қажетті қор жасалды. Бүгінде 18,1 миллион капталған дәрі-дәрмек бар, оның ішінде азаймайтын қалдық – 8 миллион.

Сұранысқа ие дәрі-дәрмектер қаланың барлық дәріханасында бар, қолжетімділік 85–90%-ды құрайды, нақтылы бары 1,3 миллион препарат. Сонымен қатар, 248 мың дәрі-дәрмектер пакетін жеткізіледі деп күтілуде. Қаланың медициналық ұйымдары екі айлық дәрі-дәрмек қорымен қамтамасыз етілген, – деді шаһар басшысы.

● СҰРАҚ-ЖАУАП

ЧЕМПИОНДАР ӘЛІ ДЕ ШЫҒАДЫ

Тұрсынғали ЕДІЛОВ,
Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген жаттықтырушысы:

– Қайырлы кеш, Бақытжан Әбдірұлы! Баршаға белгілі, қазіргі таңда Токио төрінде дүбірлі Олимпиада өтіп жатыр. Жалпы, мегаполисте болашақ чемпиондарды баулу, спортты дамыту тұрғысында қандай жұмыстар атқарылуда?

Бақытжан САҒЫНТАЕВ:

– Жанкүйер ретінде мен де Олимпиада ойындарын қадағалап отырамын. Барлық спортшыға тілекшімін. Алматыда болашақ чемпиондарды дайындау үшін спорттық нысандардың қолжетімділігі мен ашықтығына баса назар аударылады әрі кешенді іс-шаралар қабылдануда. Осы мақсатта 6 спорттық-сауықтыру кешенінің, сондай-ақ үлкен теннис пен үстел теннисі орталықтарының құрылысы жүргізілуде. Халықаралық «Сұңқар» шаңғы трамплиндер кешенінде спорт кешенінің құрылысы аяқталуда.

Тегін қадамдық қолжетімді ашық алаңдарда, жекпе-жек орталықтарында 40-тан астам жаттықтырушы сабақ беруде. Осылайша бір жарым мыңнан астам бала мен жасөспірімдер спортпен шұғылдануда. Сонымен қатар, жан басына шаққанда

қаржыландыру арқасында 3 мыңнан астам бала спорт секцияларына ақысыз барып жүр. Осындай жүйелі жұмыстардың нәтижесінде біздің қаладан да болашақта олимпиадаларды бағындыратын чемпиондар шығады деп сенемін.

«ALMATY BIKE» ЖАҢҒЫРТЫЛУДА

**ЖАНСАЯ,
қала тұрғыны:**

– Мені «Almaty Bike» жобасы қызықтырады. Сол жөнінде тарқатып айтып берсеңіз. Рахмет!

Бақытжан САҒЫНТАЕВ:

– Қазіргі кезде Алматы қалалық мобильділік басқармасы «Көлік және коммуникация ғылыми-зерттеу және жобалау институты» ЖШС-мен бірлесіп, қаланың велосипед пен жаяу жүргіншілер инфрақұрылымын дамыту Стратегиясын әзірлеуде. Басты мақсаты – халықтың микромобильділігі мен салауатты өмір салтын насихаттау; баламалы көлік түрлеріне қолайлы жағдайлар жасау; экологиялық таза көлік түрлеріне көшу; тыныш және қосымша аймақтарды қамтитын велосипед желілерін қосу.

Стратегияны іске асыру аясында 2030 жылға дейін 185 шақырымнан астам

велосипед инфрақұрылымын абаттандыру және оның ұзындығын 2,5 есеге, яғни 262,8 шақырымға дейін арттыру жоспарланған.

Айта кетерлігі, «Almaty Bike» велосипедті модернизациядан өтіп жатыр. Велосипед паркі 1760 велосипедтен және 187 бекеттен тұрады. 480 велосипедке күрделі жөндеу жүргізілді, олар желіге шығарылды. 7 тамызға дейін қосымша 250 велосипедті жөндеу жоспарланған.

Осы жылы жүйеде қолданушыларға қызмет көрсету үшін жаңа «Almaty Bike» мобильді қосымшасы мен CRM жүйесін әзірлеу жоспарланып отыр. Бұл қолданушыларға онлайн-режимде «Almaty Bike»-те тіркелуге және сату бөлімдеріне бару қажеттілігін жоюға мүмкіндік береді. Жүйеге 50 мыңнан астам қолданушы тіркелген. Шамамен 2,9 миллион сапар жасалды және 6 миллион шақырымнан астам жол жүрілді. 2021 жылдың бірінші жартысында 342 мың сапар жасалып, 685 мың шақырым жүріп өтілді.

Шаһарда жалға берілетін велосипедтер қатарына 480 жөнделген велосипед іске қосылды. 3 тамызға қарай желідегі велосипедтер санын 1000-ға дейін арттыру жоспарлануда. Бүгінде жұмыс істеп тұрған 187 станция мен 1880 тұрақ орны бар.

Велопрокат жүйесі – бұл қаланың инфрақұрылымы үшін өте маңызды жоба.





БІРАҚ БАҚЫЛАУДА

Бес жыл ішінде «Almaty Bike» жабдығы жарамсыз болып қалды. Әкімдік жобаға қолдау көрсетіп, қаражат бөліп, қызмет көрсетуді өзіне алуға шешім қабылдады. Сондай-ақ, жүйе ағымдағы жылдың соңында жүктеуге қолжетімді болатын жаңа мобильді қосымша арқылы жұмыс істейтін болады.

БАҒЛАН, шаһар тұрғыны:

– Мен мүмкіндігі шектеулі балаға қараушы адам ретінде қоғамдық көлікте жеңілдікпен жүру құқығын беретін «Оңай» картасын ала алмай жүргеніме бірнеше ай болды. Қалалық мобильділік басқармасы мен «Транспортхолдинг» өкілдерінен әлі күнге жауап ала алмай жүрген жайым бар.

«Орбита» шағынауданындағы №4 қалалық емханада дәрігерлер жетіспейді. Осы мәселелерге назар аударсаңыз екен.

Бақытжан САҒЫНТАЕВ:

– Әріптестерімізге аты-жөніңізді, мекенжайыңызды толық қалдырыңыз, мәселеніңізді шешеміз. Сіз айтып отырған №4 емхана қаладағы ең үлкен медициналық мекемелердің бірі, екі-ақ дәрігер бар деген мүмкін емес жағдай ғой. Ертең мән-жайды тексеріп, өздеріңізге жауабы айтылатын болады.

АРНАЙЫ ШТАБ ҚҰРЫЛАДЫ

ЕРБОЛАТ, Алатау ауданының тұрғыны:

– Бақытжан Әбдірұлы, алдымен Сіздің басшылығыңызбен қолға алынған «Жаңа Алматы» бағдарламасы аясындағы атқарылып жатқан шаруалар көп. Бүгінде қаланың төменгі бөлігі жақсы дамып, өзгеріп келеді. Жүргізіліп жатқан жұмыстар үшін алғыс білдіремін. Десек те, мені мазалайтын бірқатар сауалдар бар: Біріншісі – ауданымызда көгалдандыру жұмыстарына байланысты ағаштарды суару жұмыстары мүлде жүргізілмейді. КСК-ға қанша айтсақ та, ешқандай нәтиже жоқ. Екінші мәселе – біз 14 қабатты үйде тұрамыз. Бірақ үйдің кіреберісіне дүкендер орналасқан. Сол себепті, біз төрт жылдан бері эвакуациялық есіктерден кіріп-шығамыз. Бұл қаншалықты заңды? Содан кейін, өзіңіз білесіз, «Алматы Арена» артында үлкен стадион салынған. Соның артқы жағында үлкен гир лақтыратын арена бар. Сол жер бүгінге дейін еш қолданыссыз тұр. Осы жерлерге балаларға арналған спорт алаңдарын ашса қалай болар екен?

Бақытжан САҒЫНТАЕВ:

– Бірінші сауал – кіреберістер бойынша мәселе неде екенін тексеру керек. Бұл сауалдың түйінін шешу үшін сала басшысына тапсырма бердім. Ал екінші мәселе бойынша, иә, бір барғанымызда не істесек болады деп ойланғанымыз бар. Егер ол жерге балаларға арнап спорт алаңын салатын болсақ, оны кәсіби түрде спортпен айналысатын жақсы орталық жасау керек. Қазір Спорт басқармасы әкімдікпен бірге не орналастыру керектігін ойластырып жатыр.

Жалпы, көгалдандыру жұмыстары бойынша қалалық әкімдік тарапынан арнайы штаб құру жұмысы жүргізіліп жатыр. Егер біле білсеңіздер, қала бойынша жасыл алаң 12 мың гектардан асады. Оның 800 гектары мердігер компаниялардың қарауында. Дейтұрғанмен, оның барлығын бір ғана әкімшіліктің күшімен суғару мүмкін емес. Сондықтан қаланы жап-жасыл етіп ұстап тұру техникалық тұрғыдан да қиын. Ал халық көп жүретін орындардағы суару жұмыстары үнемі әрі міндетті түрде жүргізілуге тиіс.

ФАРХАТ, Түркісіб ауданының тұрғыны:

– Қайырлы кеш, Бақытжан Әбдірұлы! Сіз басшылыққа келген жылы Түркісіб ауданының тұрғындарымен кездесу өткізгенде көшемізде жаңбырлы күндері су жиналып, ары-бері жүру мүмкін болмай қалатындығын айтқан болатынбыз. Аудан басшылығы бұл мәселені әлі шешпей отыр. Екінші сауалым – Кассин көшесінде №49 мектеп орналасқан. Мектепте оқушы көп. Сол маңға «Сергек» бейнебақылау камерасын орнатып, оқушылардың өтуіне ыңғайлы болу үшін тротуарлар орнатылса деген өтінішіміз бар.

Бақытжан САҒЫНТАЕВ:

– Арнайы жол жүру белгілерін қою соншалықты қиын шаруа емес. Түркісіб ауданының әкіміне тапсырма берілді. Ертең өтініш иесімен бірге қажетті мекенжайға тротуар қою мәселесін шешіп береді.

«БЮДЖЕТКЕ ҚАТЫСУ» – ХАЛЫҚ МҮДДЕСІ

Димаш ДАУЫЛБАЕВ, қала тұрғыны:

– Мен «Зерделі» ықшамауданынан хабарласып отырмын. «Бюджетке қатысу» бағдарламасы бойынша жобамызды ұсынып едік. Бірақ ешқандай жұмыс жүргізілмей отыр. Бұл бойынша жұмыс

істейтін компаниямен байланысқа шығып едік. Олар бұған мүлдем басқа бюджет қарастырылғанын айтып отыр. Өкінішке қарай, бұл бойынша бізге әкімдіктен немесе компания өкілдерінен ешкім келіп түсіндірген жоқ.

Бақытжан САҒЫНТАЕВ:

– Қазір аудан әкімін қосайық. Бұл ретте кейбіреулердің тек конкурстық жұмыстары ғана өтті. Мүмкін осыған байланысты шығар...

Азамат ҚАЛДЫБЕКОВ, Алатау ауданының әкімі:

– Иә, өткен аптада Amanat Cleaning компаниясы бекітілген болатын. Бұл ретте «Зерделі» шағынауданында «Бюджетке қатысу» бойынша үш жоба қарастырылған. Тротуарлар төсеу жобасын эксперттер бекітті. Қазір дайындық жұмыстары жүргізіліп жатыр. Қажетті техника мен жұмыс күші жұмылдыруда. Бұйырса, осы аптада жұмыстар басталады.

Бақытжан САҒЫНТАЕВ:

– «Бюджетке қатысу» бағдарламасы туралы айтатын болсақ, «біз басқа бюджет ұсынып едік, олар басқа бюджет қарастырып отыр» дегеннің бәрі, бұл – конкурстық шаралар. Бұл жерде кім аз береді, сол ұтады. Мәселен, ол жұмыс он миллионға бағаланса, дегенмен, мердігер оны 5 миллионға жасаймын десе, біз оған ештеңе істей алмаймыз. Тек сол бекітілген қаражатты беремін. Мен мұны жұртшылық түсінсін деп айтып отырмын.

ТҮЙІН

«Akimat LIVE» бағдарламасында көтерілген мәселелер жауапсыз қалмайды. Тұрғындар шағымы заң негізінде шешілетін болады. Қала әкімі Бақытжан Сағынтаев қазіргі эпидемиологиялық жағдайға байланысты тұрғындарды сақтық шараларын барынша сақтауға шақырды.

Әзірлеген Нұржамал ӘЛІШЕВА,
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ,
Серік ЖҰМАБАЙ.

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ



Алматыда жыл басынан бері көпбалалы және аз қамтылған отбасылардан шыққан

176 бала
(3-тен 14 жасқа дейін)
балаларды оңалту орталықтарына тегін жіберілді.



Шаһардағы жалға берілетін велосипедтер қатарына

480
жөндеген велосипед қосылды.



Алматыда педагогтердің

100%-ы
екпе алған.



Биыл Үлкен және Кіші Алматы патшалығында жалпы ұзындығы шамамен

172
шақырым тау маршруттарын абаттандыру жоспарланып отыр.



Алматы тұрғындарының ұжымдық иммунитеті

40
пайызға жетті.



Кешенді жұмыс жүруде



Әсел
ДАҒЖАН

Қалада Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі қалалық комиссияның отырысы өтті.

Алматы қаласы әкімінің орынбасары Ержан Бабақұмаров сейсенбі күні ҚР Президенті жанындағы әйелдер ісі және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі Ұлттық комиссияның төрайымы Ляззат Рамазанова және Ұлттық комиссия мүшесі, ҚР адам құқықтары жөніндегі уәкіл Эльвира Азимовамен бірге әйелдер ісі және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі қалалық комиссияның мүшелерімен кездесу өткізді.

Қала әкімінің орынбасары Ержан Бабақұмаров пандемияға қарамастан, аз қамтылған және көпбалалы отбасыларға қолдау көрсету жұмыстары жалғасуда деді. Биыл «Бақытты отбасы» орталықтарында 26 706 өтініш берушіге ресурстық және консультациялық қолдау көрсетілді. Жеке тұлғаның өсуі, бала тәрбиелеу, көшбасшылық, отбасылық құндылықтар бойынша негізгі тренингтерге 2278 адам, білім беру курстарына 3419 адам қатысты.

Жыл басынан бері көпбалалы және аз қамтылған отбасылардан шыққан 176 бала (3-тен 14 жасқа дейін) балаларды оңалту орталықтарына тегін жіберілді.

Өмірлік қиын жағдайға тап болған қалалықтардың жұмыспен қамтылуына ықпал ету бойынша кешенді жұмыс жүргізілуде. Isker Ана жобасы аясында көпбалалы және аз қамтылған отбасыларды жұмыспен қамту және жеке бизнесін дамыту үшін 4 сауда орны, 5 тігін және кулинар цехы жұмыс жасауда, сонымен қатар Түркісіб ауданында Isker Ана сауда үйі ашылды. Аз қамтылған және көпбалалы отбасылардан 215 адам жұмысқа орналастырылды.

Отырысқа қоғамдық ұйымдардың өкілдері, Алматы қаласының қоғамдық кеңесінің мүшелері қатысты. «Дағдарыстық орталықтар одағы» ЗТБ басқармасының төрайымы Зүлфия Байсакова, «Кеңес» ҚҚ-ның басшысы Майра Сүлеева, «Аналардың құқығын қорғау – AQ-ALEM» ҚҚ-ның Ақмарал Басирова, сондай-ақ Алматы қаласы Жергілікті полиция қызметі басқармасының бөлім басшысы Диас Дуанбеков отбасылық институтты нығайту және тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алуға бағытталған өз ұсыныстарын айтты.



Ақтолық
ТҮРЛЫҒАЗЫ

«Алғашында байқауға қатысуға өтініш бергенде жеңімпаз атанатынымызға сенімді болған жоқпыз. Кейіннен, іріктеу кезеңінен өткенімізді естігенде, қуаныштан төбеміз көкке жетті. Біздің отбасымыз басқаларға үлгі-өнеге болып, үздіктер қатарынан табылғанына қуаныштымыз. Менің жасым 85-те, жолдасым 90-да. Биыл отасқанымыздың 65 жылдығын атап өтеміз. Барлық немеремізді өз балаларымдай тәрбиеледім. Бүгінде олар – табысты тұлғалар. Алдағы уақытта республикалық жарыста қаламыздың



МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫЛАР марапатталды

атын шығарып, жүздеген болатынымызға сенімдімін», – деді Күнсары Ахметова.

«Отбасылық байқау – әрбір адамды адамгершілікке, руханият институттарын нығайтуға, ерлі-зайыпты арасында жауапкершілік маңызын түсінуге үлкен септігін тигізетін бірегей жоба. «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауын Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев 2013 жылы бекіткен болатын. Бүгінде байқау қаламызда жыл сайын, тұрақты түрде ұйымдастырылып тұрады. Онда мемлекетіміздің дамуына сүбелі үлес қосқан талантты отбасылар анықталды. Ал бұл өз кезегінде руханият пен салауатты қоғамды қалыптастыруға негізделген игі бастама болды. Біздің қаланың жеңімпаздары – бұл көптеген алматылықтар мен қазақстандықтардың ұрпақтарына үлгі боларлық жандар», – деді Алматы қаласы әкімінің орынбасары Ержан Бабақұмаров.

Сондай-ақ, іс-шарада қаламыздың аудандық деңгейде жеңіске жеткен отбасылары да марапатталды. Өзінің өмір жолын білім беру саласына арнаған Ізтілеуовтер – Алатау ауданының «Мерейлі отбасы» атанған. Олар оқушылардың

Соңы. Басы 1-бетте.



білімін арттыру мақсатында «Zerde Education» оқу орталығын құрған. Ал Алмалы ауданының жеңімпаз отбасы – Сыдықовтар білім, өнер және қауіпсіздік саласында жұмыс істеп халыққа қалтқысыз қызмет атқарған шаңырақ. Әуезов ауданының «Мерейлі отбасы» атанған Біләловтар отбасы білім беру саласында көп жыл жұмыс істеп, келе жатқан зиялы қауым өкілдері. Сондай-ақ, Бостандық ауданынан – Бестембаевтар отбасы медицина саласына айтарлықтай үлес қосып, үздіктер қатарынан көрінген. Жетісу ауданының жеңімпаздары – Шоманбаевтар экономика мен кәсіпкерлік саласына үлес қосуда. Отағасы кәсіпкерлікті қайырымдылықпен ұштастыруда. Медеу ауданынан – көпбалалы Дәрібаевтар отбасы оқуда және спортта жетістікке жеткен 6 баланы тәрбиелеуде. Түркісіб ауданының «Мерейлі отбасы» атанған – көпбалалы Әбілғазы әулетінің мүшелері өз өмірлерін өлеңге, әдебиетке, музыкаға арнаған өнер өкілдері. Жеті ұрпақтан тұратын Әбілғазы шаңырағының шығармашылық тәжірибесі 100 жылдан асады.

Байқауды өткізу жөніндегі қалалық комиссияның құрамына қала әкімінің әйелдер және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі инспекторы, қалалық басқармалар басшылары, ҰЕҰ өкілдері, Алматы қаласы Қоғамдық кеңесінің мүшелері, қоғам қайраткерлері қатысқан.

Жанашырлық



Ақтолық
ҒАЛЫМҒАЗЫҚЫЗЫ

«Қайырымдылық жасасаң – қайырын өзің көресің» деген сөз қазақ халқына кеңінен таныс.

Еліміз қай заманда болсын, көмекке мұқтаж жандарға әрдайым қолұшын созған. Тіпті, адам бойындағы ең ізгі қадір-қасиеттің бірі ретінде қайырымдылықты ардақтап, жүрегі жұмсақ, қолы ашық адамға «жомарт» деген ат қойған. Сонау ықылм заманнан келе жатқан игі бастамалар Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай Алматы қаласы әкімдігінің ұйымдастыруымен «Жүректен – жүрекке» акциясы болып өз жалғасын тапқан.

Көмекке мұқтаж жандарға арналған акция бүгінде қала тұрғындарына үлкен қуаныш сыйлап, кезекті жұмысын сәтті бастаған. Аталмыш шарада 1,5 жыл бұрын жол апатына түсіп, содан бері жұмыс істемей, арбаға таңылған көпбалалы әке Сағындық Тәжімұратовқа қолдау жасалды.

«Акцияның бізге көп көмегі тиіп жатыр, балаларға алғысымды айтамын. Солардың көмегімен жағдайымыз бірішама жақсарып қалды. Бір жарым жыл болды төсекте жатқаным. Әйелім де бір жарым жыл болды маған қараймын деп, жұмыссыз қалды, балаларым – бәрі қасында. Осы әкімдіктің арқасында, құдайға шүкір, жағдайымыз

оңалып, балаларға ас-ауқат табылып, жақсарып қалып жатырмыз. Әкімдікке, балаларға, айналайындарыма көп алғысымды айтамын, бізді ескеріп, жанашырлық танытып жатқандарына», – деді қала тұрғыны Сағындық Тәжімұратов.

Шаһарда «Жүректен – жүрекке» акциясы екінші жыл жұмыс істеп келеді. Осы уақыт аралығында әлеуметтік қолдауды қажет ететін қала тұрғындарына азық-түлік, киім, тұрмыстық техника алып беріп, қуаныш сыйлаған. Негізгі ұйымдастырушысы қалалық әкімдік деп саналатын қозғалысқа меценаттар мен бизнесмендердің де қалыс қалмай атсалысып жатқан жайы бар.

«Жыл басынан бері 500 мыңнан аса отбасыға түрлі дәрежеде көмек көрсеттік. Осы іске жұмыла кірісіп, қолдан келгенін аямаған азаматтарға алғыс айтамыз. Меценат-бизнесмендерден бөлек, халықтың өзі де тиіттей де болса, үлес қосып жатыр», – деді Қалалық әл-ауқат басқармасының бөлім басшысы Рахиял Махпирова.

Алматы қаласы әкімдігінің ұйымдастыруымен соңғы жарты жыл «Қайырымды істер» ұранымен өтіп жатыр. «Игі істер» марафоны аясында еріктілер, әкімдік қызметкерлері, қалалық Қазақстан халқы Ассамблеясының өкілдері, бизнесмендер мұқтаж азаматтарға, яғни көпбалалы, әлеуметтік аз қамтылған және ерекше қажеттіліктері бар балаларды тәрбиелеп отырған отбасыларға, жалғызбасты зейнеткерлерге мыңнан астам азық-түлік себетін таратып, жан-жақты көмек пен қолдау көрсетіп келе жатыр.

Елордаға – тасжолмен



Әсел
БЕЛДЕУБАЕВА

Елорда мен Алматы қаласының арасын жалғайтын тасжол құрылысы қарқынды жүріп жатыр.

«Нұрлы жол» мемлекеттік бағдарламасы аясында «Орталық – Оңтүстік» дәлізі салынып жатыр.

«Бұл жол Елорданы Алматы қаласымен жалғайды. 2019 жылы басталған жол құрылысы 6 учаскеден тұрады. Оның ішінде 2 учаске, яғни «Нұр-Сұлтан–Теміртау» және «Алматы–Қапшағай» тасжолы салынып аяқталды. Қалған учаскелер бойынша жол құрылысы жұмыстары қызу жүруде. Тасжол бойында 4 жолақты, 10 жол-айрық, 55 малға арналған өткел, 10-ға жуық көпір және 2 темір жол өткелі болады. Жоспар бойынша жоба 2023 жылы аяқталып, халық игілігіне берілуі тиіс», – деді «QazAvtoJol» ұлттық компаниясы АҚ басқарма төрағасының орынбасары Талғат Смағұлов баспасөз туры барысында.

Оның айтуынша, тасжол құрылысына тек отандық материалдар қолданылуда. «Тасжолдың жалпы ұзындығы – 946 шақырым. Ол «Қарағанды–Балқаш», «Балқаш–Бурылбайтал», «Бурылбайтал–Құрты», «Құрты–Қапшағай» трассаларын жалғайтын жол учаскелері. Сонымен қатар, тасжол бойында инфрақұрылымды жайғастыру жұмысы да жүріп жатыр.

«Бүгінде жол салу жұмысының 60% -ы аяқталды. Яғни әрбір 50-60 шақырым сайын жылы, жайлы әжетхана мен жолаушыларға арналған демалыс орындары бар», – деді ол.

Бүгінде елімізде 4 ақылды автожол бар. Олар: «Алматы – Қорғас», «Алматы–Қапшағай», «Нұр-Сұлтан–Теміртау» және «Нұр-Сұлтан–Шұчье» бағытындағы жол. Баға туралы айтсақ, жеңіл көліктерге шақырымына 1 теңге, ал салмағы 15 тоннадан асатын жүк көліктері әр шақырым үшін 25 теңге төлейді. Тариф 2013 жылы бекітілді, содан бері жол бағасы өзгерген жоқ. Биыл ақылды болатын жолдарға да осы тариф сақталады. Яғни жоспарда тарифті өзгерту мәселесі тұрған жоқ. Жол бекеттерінде ақы төлеудің 20-дан астам әдісі бар. Төлеу бекеттерінде қолма-қол ақша арқылы, алдын ала екінші дәрежелі банктердің қосымшалары, терминал мен SMS арқылы төлеуге болады.

Естеріңізге сала кетейік, биыл «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» бағытындағы жол учаскелері ақылды болатын болды. Атап айтқанда, «Шымкент–Ташкент», «Шымкент–Қызылорда», «Тараз–Қайнар», «Тараз–Шымкент», «Нұр-Сұлтан–Павлодар», «Қапшағай–Талдықорған» бағытындағы жолдар. Бұл бағыттардың бағасы да бекітілген тарифке сәйкес жүзеге асырылады. Тұрғындар тарапынан жол ақысына қатысты сұрақ туындаса, 1403 call-орталығына хабарласуға болады.



ЕСКЕРУСІЗ ҚАЛМАЙДЫ

«Almaty aqshamy» газетінің атсалысуымен тұрғындар мәселесі шешімін табуда

Алып шаһарда қаланың тұрмыс-тіршілігіне қатысты проблемалар көптеп кездеседі. Сондықтан аумағы үлкен қаланың қай жерінде қандай проблема болып жатқанынан бейхабар болуымыз да қалыпты жағдай. Мұндай сәттерде қала тұрғындары өздері редакциямызға хабарласып, аудандарындағы қордаланған мәселелер туралы айтып жатады. Әрине, «үрлей салып, көзін қайсы?» деуге болмас. Кейбір мәселелердің шешімін табуына көп уақыт кететін болса, кейбірі жылдам шешіліп жатуы ғажап емес. Бүгін біздің араласуымызбен шешімін тапқан мәселелерді баяндай отырып, редакциямызға хабарласқан барлық тұрғындардың талап-тілектері ескерусіз қалмайтынын, хабарласқан қала тұрғындарының өтінішін мүмкіндігінше шешіп беруге күш салатынымызды айтқымыз келеді.

ӘУЕЗОВ АУДАНЫ



Аналар алғыс айтты

«Мамыр-4» ықшамауданына қарасты №34 үйдегі жас аналар балаларға арналған қоларбаларын жоғары қабаттарға көтеріп-түсірудің оңай емес екенін айтып, үйге кіреберістегі шағын бөлмені ортақ мүлік ретінде пайдалансақ деген өтініштерін білдірген еді. Тұрғындардың айтуларына, кіреберістегі шағын бөлмені сол үйде тұратын жеке бір тұрғын өз мүддесі үшін ғана пайдаланып жүр. Аналар сол бөлменің қоларба қоюға берілуді өтінген болатын.

Бүгін бізге сол үйде тұратын Шолпан Арыстанбекқызы есімді жас ана хабарласып, аталмыш бөлмені аналарға қоларба қою үшін босатып бергенін қуана жеткізді. «Өздеріңіз де білесіздер, баласы бар үйдің барлығында қоларба міндетті түрде болады. Жағдайымызды түсініп, өтінішімізге құлақ асқандарыңыз үшін №34 үйдегі аналар атынан «Almaty aqshamy» газеті редакциясына алғыс айтамыз. Сіздердің араласуларыңызбен мәселеміз шешілді. Бізге кіреберістегі бөлмені толықтай босатып берді. Бұдан былай ол жерде балаларымыздың қоларбалары тұратын болады. Сіздерге көп рахмет!», – дейді жас ана. Бәлкім, бұл бәзбіреулер үшін түкке тұрғысыз дүние болуы мүмкін. Ал түптеп келгенде, мұндай жұмыс аналардың жағдайын ойлаудың бір көрінісі деуге тұрарлық. Осы орайда біз де мәселенің мәнін түсініп, тұрғындар өтінішіне құлақ асқан, еш дау-дамайсыз мәселені шешіп берген «Ардагер» ПИК төрағасы Бекболат Тұралиев мырзаға алғыс айтамыз. Біз теңізге тамған тамшыдай болса да тұрғындарға көмегіміз тиіп жатса, сөзіміздің жерде қалмағаны деп білеміз.



АЛМАЛЫ АУДАНЫ



Алматылық Гүлвира Дуанақұлова Төле би көшесі мен Тілендиев көшелерінің қиылысындағы көпқабатты тұрғын үй-

лердің жаңартылған қасбеттерінің суретін жолдапты.

«Елу жылда – ел жаңа». Бұл монолитті

БОСТАНДЫҚ АУДАНЫ

«Түнде ұйықтау керек қой»

Алматылық Динара Ысқақова Жароков, 282 мекенжайында орналасқан көлік жуатын мекеменің жұмысына шағымданып, хабарласқан болатын. Айтуынша, аталмыш мекеме күндіз-түні тынымсыз жұмыс істеп, жақын маңдағы үйлердің тұрғындарына тыныштық бермейтін көрінеді.

– Түнгі уақытта терезелерді ашу мүмкін емес. Себебі, көлік жуатын жер тәулік бойы ұйықтамай жұмыс істейді. Жуу аппараттарының даусынан ұйықтай алмай жүрміз. Қожайындарына бірнеше рет ескерту жасадым, бірақ олар біздің сөзімізге құлақ асқысы жоқ. Тұрғын үй секторында түнгі уақытта жұмыс істеу үшін қандай да бір стандарттар бар шығар? – дейді тұрғын.

Стандарттар бар: заң бойынша жұмыс күндері 22.00-ден 9.00-ге дейін, мереке және демалыс күндері 23.00-ден 10.00-ге дейін шу шығаруға болмайды.

Тұрғындардың сауалын Бостандық ауданының құқық қорғау органдарына хабарлағанымызда, аудандық полиция басқармасының бастығы Думан Аухадиев шара қабылданып, олқылықтың жойылатынын айтты. Уәдеге берік құқық қорғаушылар (учаскелік полиция инспекторы (УПИ) сол күні өтініш берушімен байланысқа шығып, істің мән-жайын білген. Кез келген шағымның дәлел мен дәйекке құрылатынын білетін Динара Ысқақова учаскелік полиция инспекторына әртүрлі күндері түсірілген бірнеше



бейнені жіберген. «Сол күні кешке учаскелік полиция қызметкерінен көлік жуу мекемесінің әкімшілігімен сөйлесіп, хаттама толтырылғаны туралы ақпарат келді. Міне, содан бері көлік жуатын жер түнгі сағат 12-ге дейін ғана жұмыс істейтін болды.

Есесіне, тұрғындар алаңсыз да тыныш ұйықтайтын болды. Біздің өтінішімізді қабылдап, мәселені тез шешіп берген Бостандық ауданының құқық қорғау органдары қызметкерлеріне алғыс білдіреміз. Түніміз тыныш болсын!», – дейді Д.Ысқақова.

ТҮРКСІБ АУДАНЫ

Платформада бәрі тұр



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өткен жылғы Жолдауында бұқаралық спортқа, дене тәрбиесіне және бала-

ларға басымдық беру керегін, сонымен қатар, әр облыста, ірі аудан орталықтарында спорт үйірмелерін ашу қажеттігін айтқан болатын.

Бізге хабарласқан Наурызбай ауданының тұрғыны Бағдат Максатұлы есімді азамат: «Ұлдарымды «Абылай хан» спорт кешені мен «Қайрат» клубына жаздырсам деп едім. Алматыда мемлекеттік тапсырыс бойынша қандай секциялар жұмыс істейтіні туралы қайдан білуге болады?», – деп сұраған-ды. Мұндай сауал бір ғана Бағдатты емес, барлық алматылықтарды қызықтыратын сөзсіз.

Бүгінде бұл бағыт бойынша республикалық ақпараттық платформа жұмыс істейді. Ол үшін <https://artsport.edu.kz/ru> сайтына кіру керек. Онда Сіз кез келген спорт түрі бойынша балаларды тегін секцияға жазу үшін ата-ана ретінде тіркеліп, барлық қажетті ақпаратты ала аласыз.

Деректерге сүйенсек, 2021 жылы республика бойынша, жан басына шаққанда 23,5 мың шығармашылық үйірме және



1029 спорт секциясы қаржыландырылады. Онда балалар спортпен және шығармашылықпен тегін айналысатын болады.



«ДЕЛЬТА» жастарға ауыз салуда



Ақтолқын
ТҮРЛЫҒАЗЫ

Алдағы тамыз айында коронавирус көрсеткіші шарықтау шегіне жетуі мүмкін. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен онлайн-брифинг барысында Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық басқармасының басшысы Нариман Табынбаев мәлімдеді.

Спикердің айтуынша, эпидемиологиялық жағдай соңғы екі аптаның ішінде 1,2 есе өскен. Себебі, мегаполисте коронавирустың «дельта» штамы өршіп, аурулар саны күрт артқан. «Жыл басынан бері КВИ жұқтырған 74 мыңға жуық науқас тіркелді. 1–27 шілде аралығында 18 118 адамнан індет анықталды. Бұл көрсеткіш пессимистік болжамнан (10 700 жағдай) едәуір жоғары», – деді Н.Табынбаев.

Сондай-ақ, аталған ведомство алдағы екі айға, яғни 30 қыркүйекке дейін болжам дайындаған. «Біз зерттеген базалық болжамға сәйкес, сырқаттанушылықтың бастапқы кезеңі тамыздың алғашқы онкүндігіне келеді, тәулігіне 1600-ге жуық жаңа жағдай тіркеледі. Пессимистік болжамға сәйкес, аурудың шарықтау шегі 10-11 тамыз аралығында тәулігіне 1900 жаңа жағдай тіркеледі. Тамыз айында аурудың 34 500 жағдайы, ал қыркүйекте төмендеп, 4500 жағдай тіркеледі деген болжам бар», – деді спикер.

Сондықтан ерте қамдануды бастаған құзырлы органның басшылығы қазір 7 мың төсек-орын дайындалғанын, резервте қосымша тағы 3 мың төсек барын атап өтті. Тіпті, жағдай қиындағанда тағы 2 мың орын жедел жабдықталмақ. «Бүгінде жұқпалы ауруханалардағы 6400 орынның 3827-сінде науқастар жатыр. Олардың 239-ы бала. Сонымен қатар, инфекциялық стационарларда 500 реанимациялық орын бар. Қалада бүгінгі таңда эпидемиологиялық жағдайдың жақсаруы аясында 4 инфекциялық стационар жұмыс істесе, қазір олардың саны 23-ке артты.

Олардың ішінде, Байзақов инфекциялық стационарында 500 төсек-орын, И.Жекенова атындағы жаңа ауруханада 280 төсек-орын қамтылған. «Саялы» ықшамауданындағы филиалы, сондай-ақ «Молл-Апорт» аумағындағы 300 орынды балалар ауруханасы жұмыс істеуде. Біз қиындықты еңсере алдық. Енді індетті жұқтырушылар санының күрт өсуіне және мен «төртінші толқынның» басталуы аясында тағы да бірқатар инфекциялық стационарларды кезең-кезеңімен іске қоса бастадық», – деді Н.Табынбаев.

Спикердің айтуынша, қазіргі сәтте ауруханаға жатқызылып жатқан науқастар саны өсуде. Егер осыдан 1 ай бұрын ауруханаға тәулігіне 40–70 адам түскен болса, бүгінде жұқпалы аурулар ауруханасында емделуді қажет еткен корона-вируспен ауыратын науқастардың саны

400-ге жеткен. Сондай-ақ, күн сайын 6 мыңнан астам медицина қызметкері ковидтік стационарларда алматылықтардың денсаулығы мен әл-ауқаты үшін күресіп жатыр. «Көптеген науқас үйде емделуде. Қазірдің өзінде 7361 адам бақылауда. Телемедицина орталығының штатына қосымша мамандарды тарта отырып, науқастарға қашықтан кеңес беретін 84 қызметкерге дейін көбейтуге тура келді. Қазірдің өзінде вирустың алдын алу мақсатында тағы 1700 қызметкер резервте тұр. Себебі, бүгінде коронавирустың жаңа штамдары агрессивті, өлім жағдайына алып келеді. Барлық кезеңде 1092 адам қайтыс болды. Осы жылы 1 қаңтар мен 26 шілде аралығында 703 адам өмірден өтті. Халықтың өлімі, жағдайдың ауырлығына байланысты вакцина алу өте маңызды екендігін атап өткім келеді», – деді Н.Табынбаев.

ҚДБ басшысы бірінші кезектегі міндет өлім-жітімге жол бермеу екенін атап өтті. «Алматыда жедел жәрдем шақыртуларының тәуліктік саны 2700-ге жетті. Шілде айында ЖРВИ, КВИ және пневмониямен шақырулардың үлесі 2 есеге артты. «Тәуекел» тобында созылмалы аурулармен ауыратын адамдар әлі де бар. Ал коронавирустың жаңа штамын жұқтырған науқастардың жағдайы алты сағат ішінде нашарлауда», – деп толықтырды ҚДБ басшысы.

Осындай қиындықтарға жол бермеу үшін, КВИ дертінің таралуына қарсы тұрудың жалғыз жолы – вакцина алу.

«Бүгінде Алматыда педагогтердің 100%-ы екпе алған. Жоғары оқу орындарында да осындай жұмыстар жүргізілуде. Алайда, студенттерді иммундау жұмыстары баяу жүріп жатыр. Ал «дельта» жастар арасында көбірек таралуда», – деді Н.Табынбаев. Ол алматылықтарды өзінің және жақындарының денсаулығын сақтау үшін вакцина алуға шақырды. Алматыда екпе пункттерінің есігі ашық.

«МЕН ЕКПЕ АЛДЫМ!»

Ләззат АБИДОЛЛАҚЫЗЫ,
қала қонағы:

– Өзім Алматы облысы, Панфилов ауданына қарасты Сарытөбе орта мектебінде бастауыш сыныбының мұғалімі болып жұмыс істеймін. Жұмыс барысы бүлдіршіндермен өтетіндіктен, олардың денсаулығын сақтау үшін «Спутник V» вакцинасының екі бірдей дозасын қабылдадым.



Балалардың қауіпсіздігі – еліміздің ертеңі, дені сау ұрпақ жарқын болашақ кепілі деген сөз бекер емес. Қазіргі таңда әлемде эпидемиалар өте нашар болып жатыр. Бұл кесел біздің елімізді, балаларымызды айналып өтпейді. Сондықтан да оларды вирустан сақтау үшін ата-анасы, ұстаздары, бауырлары екпе ектіру қажет. Бүгінде балалардың басым көпшілігі жазғы демалысын Алматы қаласында өткізеді. Олардың денсаулығына үлкендер болғандықтан алаңдаймыз, сондықтан ата-аналарынан қауіпсіздік шараларын сақтауды талап етеміз. Алайда, бір байқағаным, қалада жағдай біршама тұрақталған, карантин талаптары қатаң сақталып, көпшілік орындарда бетперделік режим сақталған.

Әділбек СӘДУАҚАСОВ,
студент:

– Әлеуметтік желілерде негізсіз тараған ақпараттарға көпшілігіміз сенеміз. Ақпаратты таратушының кім екеніне, оның пікірін шынайылығына зер салмайтындар араздықта баршылық. Адам өз денсаулығын сақтау үшін вакцинаның қауіпсіздігіне сеніммен қарау керек. Мен өзімнің денсаулығым үшін, ағайын-тумама, отбасыма, ұжымдастарыма қауіп төндірмес үшін вакцина алдым. Вакцина – әлемді қорқыныш құрсауына алған індеттен құтылуға жол ашатын бірден-бір тиімді жол деп есептеймін.



«КВИ барына сенбедім»



Айкерім
РАЙЫСҚЫЗЫ

Қызылорда қаласының тұрғыны Жәмила Жанаева Алматыға отбасымен демалуға келіп, вирус жұқтырып, Орталық қалалық клиникалық ауруханадан бір-ақ шыққан.

– Дене қызуым көтеріліп, әлсіздік пайда болды. Мен суық тиді деп ойладым, үйде бір апта бойы импровизацияланған құралдармен емделдім. Жағдайым нашарлай бастаған кезде ПТР-тестін тапсырдым, ол оң болып шықты. Дереве жедел жәрдем шақырдым, олар мені Орталық қалалық клиникалық ауруханаға алып келді. Үшінші күні жағдайым нашарлап, реанимацияға ауыстырды. Онда төрт күн жаттым. Дәл сол ауруханаға, білікті дәрігерлердің қолына түскеніме қуанамын, олар мені аман алып қалды. Білесіз бе, мен өзім білім беру

саласының қызметкері бола тұра, коронавирустың бар екеніне сенбедім. Әлеуметтік желілерде ауру туралы көп оқыдым. Бірақ мен де, күйеуім де сенбедік. Жолдасым екпеге қарсы болды, маған да рұқсат бермеді. Өз басымнан өткесін, бәріне көзім жетті. Халықты екпе алуға, сақтық шараларын сақтауға шақырамын. Бетперде тағып жүріңіз, адам көп жиналатын жерлерге бармаңыз, вакцина алыңыз. Сіз осылай ғана ауыр азаптан құтыласыз. Күйеуім де ауырды, тек 17 жастағы қызым асимптоматик болды. Дәрігерлерге алғыс айтқым келеді. Олар әр науқасқа мұқият қарауда. Шыдамдылық пен сабыр тілеймін, өйткені олар қиын жағдайда жұмыс істеуде және күн сайын өз өмірлерін қауіп-қатерге тігеді, – дейді Жәмила Жанаева.

ОҚКА дәрігері Осман Қадыровтың айтуынша, бүгінгі таңда ауруханада 670 төсек-орын бар, оның 620-сы бос емес. Жансақтау бөлімінде 57 науқас жатыр. Олардың барлығы дерлік екпе алмаған. Жалпы, ауруханада жатқан науқастардың 98%-ы вакцинацияланбаған.

– Ауруханаға екпе алғандар да түседі, бірақ оларда ауру неғұрлым жеңіл өтеді. Жансақтау бөлімінде жатқан науқастардың бірде-бірі екпе алмаған, – деп, дәрігер ауруды тек екпе алу арқылы ғана жеңуге болатынын атап өтті.

АРТЫҚ СУ АҒЗАҒА ЗИЯН



«Тәулігіне 2 литр су ішу керек» деген кеңеске сенбеңіз. Мамандар артық судың да ағзаға зияны бар екенін айтады. Ағзада судың мөлшері тым көп болса, ол жүрек пен бүйрекке екі есе салмақ түсіреді екен. Тым ыстық су ішу асқазанда ойық жараның немесе панкреатиттің басталуына әкелуі мүмкін. Ал дәрігерлер таза суды дене бітіміне қарай мөлшерлеп ішу керек деп кеңес береді.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы адамға қажетті судың мөлшерін есептепті. Бір келі салмаққа 30 мл. су қажет екен. Мысалы, салмағы 50 келі тартатын адам күніне 1,5 литр су ішуі керек. Жапонияда адам ағзасына судың жеткілікті-жеткіліксіз екенін кіші дәретіне қарап ажыратады. Түсі қою сарғыш болса онда судың жетіспеушілігі. Дәрігерлер бас ауырса бірден дәріге жүгірмей, бір кесе су ішуге кеңес береді.

Сондай-ақ, мұздай су ішу де зиянды. Себебі, ол асқазан мен ішек қуысын түрлі ауруға әкелуі мүмкін. Аппап ыстық болса да жылы сұйықтық ішкен дұрыс. Күніне бір стақан су ішпейтін адамдар да бар. Күніне бір-екі кесе шай ішіп, сонымен жүре береді. Бұл – дұрыс емес. Адам таза су ішу керек. Сорпа, шай, компот суға жатпайды. Минералды суды да суға жатқызуға болмайды. Өйткені, минералды судың ішінде тұздар бар. Оны ем ретінде ішу керек.

Ағзадағы су тапшылығын тексеру үшін қолыңыздың терісін шымшып көріңіз. Егер теріңіз бірден қалпына келмесе, сізде су жеткіліксіз деген сөз. Су тұрақты мөлшерде болса, миен қоса жүрек, бүйрек жұмысы қалыпты жұмыс істейді. Тек таза су ішіп жүріңіз!

Әзірлеген Айкерім НӘЛДІБЕКОВА.

ІЗГІЛІК

Брэд ПИТТ – Голливуд жұлдызы. Оның есімін, кинорөлдерін әлем біледі.

Пандемия кезінде ол кейбір әріптестері секілді роль жоқ, той жоқ, табыс жоқ деп, қайғы жұтып, қол құсырып қарап отырмады. Керісінше, үлкен жүк көлігін азық-түлік, дәрі-дәрмекке толтырып алып, тұрмысы нашар деген, коронавирус кезінде жұмысынан қысқарып қалған адамдар тұратын ауданға келіп, күні бойы ауыр жәшіктерді өзі тасып, таратып шыққан.

Тіпті, кейбір отандастары оның жұлдыз екенін танымаған да.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».





ӘЛЕМ ЖӘНЕ ПАНДЕМИЯ

COVID-19 АҚЫЛ-ОЙДЫ КЕМІТЕДІ

ҚАЗАҚСТАН мемлекетінде қазіргі таңда 1860 мобильді мониторингтік топ жұмыс жүргізуде. Арнайы талдау нәтижесінде көрсеткендей, олардың маусым айындағы белсенділігі мен жұмыс тиімділігі 32%-ға төмендеген.

Әсіресе, Түркістан, Алматы, Қарағанды, Атырау облыстарында бәсеңдеген.

Ал шілде айында, керісінше, мониторингтік топтар жұмысының жоғары тиімділігі Алматы мен Шымкент қалаларында және Жамбыл облысында байқалған.

Сонымен қатар, мониторингтік топтар «Ashyq» жобасына қатысушы 3544 объектіні қамтыған. 482 нысанда тиісті талаптардың орындалмағаны анықталған. Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің мәліметтеріне сүйенсек, 10 маусым мен 24 шілде аралығында 12168 талап бұзушы анықталды, олардың 781-і «қызыл» және 4 887-і «сары» мәртебемен қоғамдық орындарға барған. «Қызылдарға» (жеке тұлғаларға) жалпы сомасы 10,9 млн. теңгеден астам 258 айыппұл салынған.



АҚШ мемлекетіне қарасты Солтүстік Каролина университеті ғалымдарының болжамынша, күзде КВИ жұқтырудың тәуліктік өсімі 240 мыңға, ал бір күндегі өлім көрсеткіші 4 мыңға дейін жетуі ықтимал. Өйткені, елде «дельта» асқан жылдамдықпен тарап барады. Тіркеліп жатқан оқиғалардың 82%-да осы мутация анықталуда. Жергілікті билік бетперде тағу тәртібін күшейтуі мүмкін. Міндетті вакциналау мәселесі де күн тәртібіне шыққан.

ЧИЛИ билігі халқына шекарадан өтуге рұқсат берді. Бірақ тек екпені толық алғандар ғана шет елге шыға алады. Жолаушыларға коронавирусқа қарсы екпенің 2 компонентін салдырғанын растайтын құжат беріледі.

Естеріңізге сала кетейік, сәуірде Чили үкіметі індеттің өршуіне байланысты шекарасын қымтап алған болатын. Науқастар саны азайып, халықтың 79%-ы екпе салдырғаннан кейін шектеулер алынып тасталды.

БРАЗИЛИЯ еліне қарасты Сан-Паулу қаласында президенттің отставкасын талап еткен жұрт ереуілге шыққан. Пандемия кезінде президентінің халық арасындағы беделі күрт төмендеген. Өйткені, оның коронавируспен күрес шаралары елдің көңілінен шықпай отырған көрінеді.

Негізі, келесі жылы Бразилияда президенттік сайлау өтуі тиіс. Оған қазіргі мемлекет басшысымен қатар, экс-президент Луис де Силва да қатысуы мүмкін. Бірақ әлеуметтік сауалнама нәтижелері халықтың көбі қазіргі басшыға емес, соңғысына дауыс беруге дайын екенін көрсеткен.

ЧЕХИЯ жерінде жалған санитарлық құжат жасау оқиғалары жиілеген. Әккі саудагерлер мұндай құжатты интернетте ғана емес, көшеде де сатып жүрген көрінеді. Көбіне жалған құжатты тезірек шет елге кеткісі келетін туристер алады екен. Прага полициясы бұл айлаға ондаған дәрігердің қатысы барына дәлел тапқан.

Чехия полициясының басшысы таяуда жалған анықтамалардың кесірінен науқастар саны өсіп, карантиндік шектеулер қайта енгізілуі мүмкін екенін ескертті.

ГРЕКИЯ елінде шілденің соңына таман жасы 12-ден асқан балаларға вакцина салынады. Екпе алуға өтінішті баланың ата-анасы береді және салатын күні бірге келуі тиіс. Жеткіншектерге «Файзер» препаратын егуге рұқсат берілген. Бұл шешім «дельтамен» байланысты болып отыр.


Бұған дейін елде вакцинаның екі компонентін де халықтың жартысына жуығы алып үлгерген екен.

ФРАНЦИЯ билігі денсаулық сақтау саласының қызметкерлерін коронавирусқа қарсы вакцина алуға міндеттейтін заң қабылдады. Екпе қабылдауға 15 күн ішіндегі уақыт берілді. Әзірге бұл куәлік ересектерге ғана міндетті. Бірақ 30 күн ішіндегі уақыт бастап аталған құжатты жасы 12-ден асқан барлық азаматтары көрсетуі тиіс.

ӘЗЕРБАЙЖАН мемлекеті де тұрғындардың КВИ-ге қарсы егілгенін растайтын вакциналау паспортын енгізуге кірісті. 1 күн ішіндегі уақыт берілді. Вакциналау төлқұжаты жоғары оқу орындарында да енгізілмек. Сондықтан студенттерге де талап қатаң. Ал мемлекеттік органдар мен кәсіпорын қызметкерлерінің 80%-ы қара күзге дейін вакцинаның 1-ші дозасын, ал қазан айында 2-ші компонентін алуы тиіс.

COVID-19 инфекциясымен қатты ауырған науқастардың жағдайына талдау жасалған зерттеу көрсеткендей, бұл індет адамның ақыл-ой қабілетін едәуір төмендететін көрінеді. Бұл тұрғыда 80 мыңнан астам адамның басындағы жағдайға талдау жасалған. Сондай-ақ, ғалымдардың пайымдауынша, індеттен кейін науқастың миы толық әрі бірден қалпына келмейді. Тіпті, үйде жеңіл түрімен ауырғандардың ақыл-ойы да төмендейтін көрінеді.

Әзірлеген Нұр ЖАМАЛ.



«ASHYQ»-ҚА АШЫҚ БОЛАЙЫҚ



Нұржамал
ӘЛІШЕВА

БОСТАНДЫҚ АУДАНЫ бойынша 217 мың адам вакцина алуға тиіс. Ал бүгінгі күні 113 мың адам (52%) екпе салдырған.

Аудан әкімі Алтай Рахымбетовтың сөзіне сүйенсек, аудан корона-вирусқа қарсы вакцинамен толық қамтамасыз етілген. Екпе пункттері емханалар базасымен қатар, кісі аяғы көп жүретін сауда-ойын-сауық орталықтарында да құрылып, жабдықталған. Жергілікті кәсіпкерлердің бастамасымен екпе алған тұрғындарға кез келген тауарды сатып алуға 5%-дан 20%-ға дейін жеңілдіктер қарастырылған.

— Осындай көпшілік орындарда тек вакцина алған азаматтардың жүруі маңызды. Қаладағы екпе

пункттерінің бірі орналасқан «Мега-орталық» басшылығына халық арасында апта сайын ұтыс ойынын өткізгені үшін алғысымды білдіремін. Тамыз айының соңында осы екпе пунктінде вакцина алғандар арасында бас жүлде — автокөлік ойнатылады. Бостандық ауданының тұрғындарын вакцинаға белсенді қатысуға шақырамын. Біз осылайша індеттің жолын кесеміз, — дейді А.Рахымбетов.

Бостандық ауданының әкімі «Ashyq» жүйесінің мүмкіндіктері туралы да айтты. Бұл жүйе QR-кодты пайдалану және ПТР ортақ базасымен интеграциялау есебінен келушінің мәртебесін анықтауға мүмкіндік береді. Осылайша жобаның қатысушысы бизнес субъектісі қазірдің өзінде қабылданып жатқан санитарлық іс-шаралар бойынша қосымша бақылауды қамтамасыз етеді.

— Ауданымыздың көптеген кәсіпкері жобаға қатысуға қызығушылық танытып отыр. Алайда, бұл белгілі бір жауапкершілікті жүктейді. Өкінішке қарай, өздеріне жасалған мүмкіндікке немқұрайлы қарап, қосымшаның жұмысына адалдық танытпай отырғандар да аз емес. Карантин талаптарын тексеретін мониторингтік топтар мейрамхана, кафелерге келушілерді «Ashyq»-пен тексермей, үн-түнсіз кіргізе беретін деректерді жиі анықтайды. Баршаға ортақ талап-ережеге бағынғысы жоқ кәсіпкерлер бұл жүйеден әуелі екі апта мерзімге, ал қайталап бұзса, бір-жолата шығарылады, — деді аудан әкімі.

Бүгінде коронавирустың жаңа штамдары өте қауіпті екені жиі айтылып жүр, сондықтан бизнес-пен бірге, баршаны да ойлайық. Ең бастысы — екпе алу маңызды.



COVID-19: аңыз және ақиқат

«ЧИПТЕЛГЕН» АДАМ



Айкерім
РАЙЫСҚЫЗЫ

«Қазнет» қолданушылары екпе алған адамның қолынан микрочип шыққаны туралы қорқынышты бейнероликпен бөлісуде. Роликте адамның иығын пышақпен кесіп, металл затты магнитпен тартып алып шығады. Бұл зат COVID-19-ға қарсы вакцинадағы нанобөлшектерден құралған микрочип емес. Ең алдымен, ролик кейіпкерінің ковидке қарсы вакцина салдыр-

ғанына ешқандай дәлел жоқ екенін айту керек.

Елімізде рұқсат етілген вакциналар инактивацияланған вирус немесе аденовирустың векторлар негізінде әзірленген. Олардың құрамында нанобөлшектер жоқ: «Sputnik V»; «Hayat-Vax» (Sino-pharm); «QazVac». Pfizer-BioNTech вакцинасы — бұл мРНҚ платформа-сында жасалған және құрамына липидті нанобөлшектер кіретін препарат.

Липидті нанобөлшектер — бұл

SARS-CoV-2 коронавирусының спайк ақуызын түзіп, иммундық реакция тудыратын мРНҚ-ға жасушаларға енгуге көмектесетін иондалған сфералық липидтер. Липидті нанобөлшектер ағзада ыдырайды және оған ешқандай зиян келтірмейді. Липидті нанобөлшектердің құрамында ешқандай механикалық құрылғылар жоқ және видеода айтылғандай, ағза ішінде антенналарды бар микрочиптер болып қалыптаса алмайды. Вакцинадағы микрочиптер туралы теориялар антивакцинаторлар мен конспирологияны жақтаушылар арасында кеңінен танымал, бірақ олардың ешқандай дәлелі жоқ және бұл ғылымға қарсы.

Науқастардың көбі — екпе алмағандар



Қазіргі кезде Алматының инфекциялық стационарларында 3943 адам ем алып жатыр. Науқастардың 98%-ы вакциналанбаған. Өмірлік коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз конференциясында №5 қалалық емхананың бөлім меңгерушісі Гүлзат Байзахова алматылықтарды вакцина алу-ды кейінге қалдырмауға шақырды. Өйткені, қаладағы эпидемиология түсті.

Дәрігердің айтуынша, ковидті госпитальдің реанимациясында 267 алматылық бар, ӨЖЖ-де — 28 адам, инвазивті емес ӨЖЖ-ге 110 адам қосылу болса, тағы 103 науқас

High flow аппаратының көмегімен ем алууда.

«Қауіпті індетті жұқтырғандардың көптігінен науқастарды орналастыру үшін төсек-орын санын көбейтудеміз. Қазірдің өзінде қаланың 3943 тұрғыны инфекциялық стационарларда жатыр, олардың 215-і балалар. Сонымен қатар, 7702 науқас мобильді бригада мен телемедицина орталығының күнделікті бақылауында. Науқастардың көбі — екпе алмаған және бетперде режимін сақтамағандар», — деді бөлім меңгерушісі.

Г.Байзахованың айтуынша, вакцина адамның індет жұқтырмауына 100 пайыз кепілдік бере алмайды, бірақ екпе салдырған адамдарда вирус жеңіл түрде өтеді.

«Науқастардың арасында вакцина алған адамдар бар. Бірақ олар тек 1-2% ғана, қалғандары — вакциналанбаған науқастар. Екпе салдырмаған тұрғындар айналасындағылар үшін қауіпті, олардың иммунитеті вирустың мутациясына көбірек бейім», — дейді дәрігер.

Егер бұрын инфекция жұқтырғандардың көбі 60 жастан асқан

адамдар болса, соңғы аптада дәрігерлер науқастардың ішінде жастар мен балалардың көбейгеніне алаңдап отыр.

«Вакцинадан кейін адамдарда белгілі бір реакция болады. Бұл — температураның көтерілуі, инъекция орнының ауыруы. Адамның вакцинаға реакциясы бар-жоғы иммунитетке байланысты емес. Екпе алғаннан кейін инъекция орнына су тигізбеу, моншаға бармау, алкоголь ішпеу жеткілікті және және ағзаға шамадан тыс физикалық күш түсірмеген жөн», — деді Г.Байзахова.

Емхана дәрігері Қазақстанда бар вакциналардың бір-бірінен айтарлықтай айырмашылықтары жоқ екенін, олардың барлығы иммунитетті қалыптастыратынын айтты. Вакцина — коронавирустың тез өзгеретін штамдарынан қорғайтын жалғыз құрал.

Алматыда 1 ақпан мен 27 шілде аралығында 690 711 адам вакцина алды. Өткен тәулікте 5001 қала тұрғыны екпе салдырды, 60 жастан асқан 96 553 адам вакцина салдырған.

Айнұр НҮРСАБЕТ.



Институтты бітіріп, Шымкенттің қорғасын зауытына жақын орналасқан Жамбыл атындағы №26 мектепте 5–10-класстарға орыс тілі мен әдебиетінен сабақ беріп жүргеніме бір жылдан асқан еді. 1960 жылғы желтоқсанның аяғы болатын. Бір күні мені «облыстық комсомол комитетінің бірінші хатшысы Өзбекәлі Жәнібеков шақыртып жатыр» деген хабар алдым. Ұйымдастыру бөлімінің бір қызметкері қарсы алып, Өзекеннің кабинетіне ертіп барды. Өзекең – орта бойлы, ашаң жүзді, сәл еңкіштеу, көркем жігіт екен.



Екеуіміз-ақ отырмыз. Өзекең хал-жағдай сұрасып болған соң: «Мен сізді обкомның ұйымдастыру-комсомол жұмысы бөліміне қызметке шақырғалы отырмын. Есіттім: екі тілді жақсы біледі екенсіз, институттың комсомол ұйымында да белсенді жұмыс істеспіз. Сыртқыңыздан қанықпын. Егер мақұл деп келісім берсеңіз, Жаңа жыл мерекесінен кейін – 3 қаңтардан бастап жұмысқа кірісесіз», – деді. Мен келісім бердім.

Өзекең ағынан жарылды: «Көпбосын, Пионерлер сарайында Жаңа жылды қарсы алу кеші болады. Соған келіңіз. Ұжымның мүшелерімен танысасыз. Оған дейін арыз-ңызды жазып, құжаттарыңызды дайындаңыз», – деп менімен жылы қоштасты.

Екі күн ішінде мені ұйымдастыру бөліміне қызметке қабылдау туралы бюроның қаулысы шығып үлгерді. Сонымен, жаңа-жылдық кешке бардым. Кеш қызықты өтті. Бір таңданғаным – Өзекең әмбебап екен: тек салауатты ұйымдастырушы емес, жақсы әнші, әрі биші болып шықты. Сол кезде жаңа-жаңа тарай бастаған твист, чарльстон билерін билегенде, жылығандарды тамсандырды. Халық әндері мен комсомолға арналған әндерді де орындауда өзі жетекші бола білді. Дастархан басына отырғанда да бәрімізді жұмысқа шабыттандырып, жігерлендіріп, терең мағыналы келелі сөздер айтты. Не керек, Жаңа жыл кеші түнгі сағат 3-ке дейін созылды.

Қаңтардың үшінде жұмысқа келсем, мені Өзекең іздеп жатыр екен. Кабинетіне кіріп амандасқан соң, Өзекең сөз бастады: «Көпбосын, сен ертең Шәуілдір ауданына командировкаға барасың. Оның «Отырар» бөлімшесінің бастауыш комсомол ұйымының есеп беру-сайлау жиналысына уәкіл болып қатысасың. Соған мұқият дайындал. Это тебе – первое боевое крещение. Соған лайық бол».

Сонымен, Шәуілдірге аттандым. Комсомол жиналысын қалай өткізу тәртібін ойластырып барған едім. Комсомолдардан басқа, олардың кейбір ата-аналары мен ауыл ақсақалдарын шақырттым.

Ол кезде халықаралық жағдай шиеленісіп жатқан болатын: Конгода, Кубада, т.б. мемлекеттерде империалистік тіміскулер күшейіп, қантөгістер орын алып жатты.

Жиналыс алдында халықаралық жағдай туралы 2 сағатқа жуық лекция оқыдым. Соған соң есепті баяндама тыңдалды. Жарыссыз басталып, сұрақтар қойылды. Комсомолдармен қатар, ата-аналар да үлкен белсенділік танытты, ұйым мен жастардың кемшіліктерін бетіне басты. Жиналыс сағат алтыдан түнгі он жарымға дейін созылды. Мейлінше қызық өтті.

Кейін білгенімдей, Өзекең күнде телефон соғып, бәрін біліп отырыпты. Қайтып келгенімде бюрода: «Молодежный областной мозг, будущий секретарь» деп, мені мақтап қойды. Рахметімді айттым. Міне, Өзекең комсомол қызметкерлерін осылай қанаттандырып отыратын.

«АҚШАМНЫҢ» АНЫҚТАМАСЫ

Өзбекәлі Жәнібеков – Оңтүстік Қазақстан облысы, Отырар ауданы, Сарықамыс ауылында дүниеге келген. Мемлекет қайраткері, этнограф, тарих ғылымының кандидаты. 1952 жылы Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтын (қазіргі Қазақ ұлттық педагогикалық университеті) бітірген.

Шымкент (қазіргі Түркістан) облысының Келес ауданында мектеп мұғалімі, оқу ісінің меңгерушісі (1952–1955 жылдары), Келес ауданы комсомол комитетінің бірінші хатшысы (1955–1956 жылдары), Шымкент облысының комсомол комитетінің хатшысы (1956–1961 жылдары), Қазақстан ЛКЖО ОК-нің бірінші хатшысы, (1961–1970 жылдары), Қазақстан Компартиясы Торғай облысы комитетінің хатшысы (1970–1975 жылдары), Қазақстан Компартиясы ОК-нің шет елдермен байланыс бөлімінің меңгерушісі (1975–1977 жылдары), Қазақстан мәдениет министрінің орынбасары (1977–1988 жылдары), Мәдениет министрі (1987–1988 жылдары), Қазақстан Компартиясы ОК-нің хатшысы (1988–1991 жылдары) қызметтерін атқарды.

Ө.Жәнібеков қазақ халқының ұлттық мәдениетінің, ана тілінің, дәстүрі мен әдет-ғұрпының жаңарып, дамуына елеулі үлес қосты. XX ғасырдың 70-жылдарының өзінде-ақ Қожа Ахмет Иассауи кесенесінің қалпына келтірілуіне ұйытқы болды. Жәнібековтің бастамасымен Қазақстанның көптеген қалаларында этнографиялық мұражайлар ашылды, Қазақстанның тарихи және мәдени ескерткіштерін сақтау мен қалпына келтіру мақсатын көздеген «Арқас» қоғамы құрылды.

Өзбекәлі Жәнібеков «Шертер», «Адырна», «Алтынай», т.б. фольклорлық өнер ансамбльдерін ұйымдастырды. «Наурыз» мейрамының, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, Ш.Құдайбердиев есімдерінің халқына қайта оралуына белсене атсалысты. Ана тілін дамыту бағдарламасының мемлекеттік тұжырымдамасын жасауға қатысты.

«Қазақтың ұлттық қол өнері» (1982), «Жаңғырық» (1991), «Уақыт керуені» (1992), «Жолайрықта» (1996), «Қазақ киімі» (1996), «Ежелгі Отырар» (1997), «Тағдыр тағылымы» (1996, 1-кітап, 1997, 2-кітап) еңбектері жарық көрген.

ИГІ ІСКЕ БАСТАМАШЫ ЕДІ

Енді Өзекеңнің жұмыс стилі жөнінде бір-екі ауыз сөз айтайын. Ағамыз қарапайым кінетін. Көп жағдайда қызыл водолазканың үстінен бір сұр плащын тастамайтын. Өзі өте талапшыл еді. Конференция, пленумдарға дайындалған кезде барлық қажетті материалдарды бөлімдер мен хатшылардан жинап алып, баяндаманы өзі жазатын. Ол кісінің басқаларға баяндама жаздырғанын көзім көрген емес. Жазғанда қандай, шикі материалдардың басын қосып, әр сөйлемді өз орнына қоя білетін! Алматыға келіп, ірі-ірі лауазымдар атқарған уақыттарда да осы қасиетінен бір жаңылған емес.

Қазақстан Ленишл Коммунистік Жастар Одағы (ҚЛКЖО) Орталық Комитетінің бірінші хатшысы, Торғай облыстық партия комитетінің идеология жөніндегі хатшысы, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің халықаралық қатынастар бөлімінің меңгерушісі, Орталық Комитеттің идеология жөніндегі хатшысы, Алматы облыстық атқару комитеті төрағасының орынбасары, Қазақ ССР Мәдениет министрінің орынбасары, министрдің өзі болып істегенде де ағамызбен арагидік жолығысып қалатынмын. Соның бірі – 70-жылдардың басында Торғайда кездесуім. Ол туралы ерекше айтқым келеді.

Облыс жаңа құрылған болатын. Бірінші мамыр мерекесіне арнап Өзекең мазмұнды баяндама жасады. Қалада жалғыз кинотеатр бар екен, салтанатты жиналыс сонда өтті. Соның қарсаңында облыстық партия комитеті мен облыстық атқару комитеті басыларына кіріп шыққан едім.

Кабинетінен көргенім: керзі етіктер мен қарапайым жұмыс киімдері. Өйткені, қаланың барлық ұйым мүшелері – облыс басшылары бас болып түске дейін кабинетінде еңбектенсе, ал түстен кейін күрек, кетпен, сыпырғы алып, алаңдар мен тротуарларды, қора-қопсыларды тазартуға қара жұмысқа шығады екен. Облыс басшылары Құсайынов, Трофимов, Голубенколармен бірге, Өзекең осындай игі істердің бел ортасында жүрді. Осындай іс-шараларға мұрындық болды.

Ағамыздың айтуымен сондай іс-шаралардың біріне қатыстым. Торғай облысының орталығы Арқалық ол кезде алақандай «Родина» деген елдімекенге орналасқан екен. Шамамыз келгенше 3-4 сағат аяңбай алаң айналасын абағтандыруға бар күшімізді салып, тер төктік. Бәрі-бәрі

көз алдымда. Дәл осындай жасампаздық сезім біздің қоғамға жетіспейді-ау деген ойға қаламын кейде!

Келесі күні Өзекеңмен кенесіп, екі ауданға жүріп кеттім. Қайда барсам да еститінім – Өзекеңнің мәдениетке қамқорлығы. Мысалы, Үрпек ауылында Азамат соғысының батыры Амангелді Имановтың музейін аудандық мәдениет бөлімінің жанынан ұйымдастырыпты. Онда батырға байланысты барлық экспонаттар жиналған. Торғай педагогикалық институтына барғанымда тағы да Өзекеңнің басшылығымен жасакталған қазақ халқының ұлы педагогы Ыбырай Алтынсариннің музейін көріп, сырттай ол кісіге рахметімді айтып, үлкен қанағаттанандық сезіммен қайттым.

30-жылдары қуғын-сүргінге ұшыраған ұлыларды реабилитациялауға, Наурыз мейрамын жыл сайын тойлауға күш-жігерін аямай жұмсаған Өзбекәлі Жәнібеков сияқты есіл ерді қалай ұмытарсың!

Ескере кететін бір жағдай – Өзекең экспонатқа керек кейбір жәдігерлік заттарды қайда жүрсе де, өз ақшасына сатып алып, музейлерге тапсыруды әдетке айналдырған кісі еді.

Ұмытып бара жатыр екенмін: Қазақстан жастарына жетекші болып келе салысымен, Прибалтикадан мрамор алғызып, Орталық Комитеттің ғимаратын салғызған. Ерлік пе?! Бұл да – ерлік, ұрпаққа қамқорлық!

Ағамен соңғы кездесуім тосыннан болды. «Рауан» (қазіргі «Мектеп») баспасына барсам, сол сұр плащы мен басына киіз теплек киген Өзекең бір редактордың алдында отыр екен. Қарасам, жүдеу, жүзі солғын. Мен іштей аяныш білдірдім. «Өзеке, денсаулығыңыз қалай?», – дегенімде: «Мені ентікпе (астма) деген пәле біраздан бері айналдырып алды, қайдам не боларын», – деп жауап берді. Онан кейін басапаға дайындаған бір кітабын әкелгенін баян етті.

...Араға біраз уақыт салып, М.Әуезов атындағы әкөмтеатрға Өзекеңді актық сапарға шығарып салуға арналған қаралы жиынға бардық. Жыладық, сықтадық. Амал нешік, Өзекеңнің денесін артқан көшкеруенді Отырардағы Арыстанбапқа шығарып салдық.

Қазір ол кісіні Темірбек Жүргенов, Илияс Омаровтармен қатар атап жүр ғой. Ұлттық мәдениетіміз бен әдебиетімізге, бүкіл қоғамымызға еңбек сіңірген бір кісі сондай-ақ болар, кітаптарының өзі неге тұрады?! Оған Ықылас атындағы ұлт аспаптары музейін, өзі құрған бірнеше музыкалық ансамбльді қосыңыз...

Бізге, жер басып тірі жүрген ол кісінің көзін көрген адамдарға, өсіп келе жатқан ұрпаққа қадірлі ағамыздың өмірі мен игі істері үлкен тағылым болатынына еш күмәнім жоқ.

Көпбосын ПАНЗАБЕКОВ,
акын, аудармашы.



Велосипедтер жөндеуден өтті



Айкерім
РАЙЫСҚЫЗЫ

Шаһарда жалға берілетін велосипедтер желісінде 480 жөнделген велосипед іске қосылды. 3 тамызға қарай желідегі велосипедтер санын 1000 бірлікке дейін арттыру жоспарлануда. Бүгінде жұмыс істеп тұрған 187 станция мен 1880 тұрақ орны бар.

– Велопрокат жүйесі – бұл қаланың инфрақұрылымы үшін өте маңызды жоба. Бес жыл ішінде Almaty Bike жабдығы жарамсыз болып қалды. Әкімдік жобаға қолдау көрсетіп, қаражат бөліп, қызмет көрсетуді өзіне алуға шешім қабылдады, – деп атап өтті мегаполис басшысы Бақытжан Сағынтаев.

Жоба менеджерлері бекеттердегі басты мәселе велосипедтерді құлыптау мен құлыптан босату жүйесі болғанын алға тартты. Жабдық істен шығып, пайдалануда қиындықтар туындаған.

– Барлық ақауды толық жою үшін велосипедтерге толық техникалық қызмет көрсетіліп, тежеу жүйесі ауыстырылды, – деп хабарлады ведомстводан.

Сондай-ақ, жүйе ағымдағы жылдың соңында жүктеуге қолжетімді болатын жаңа мобильді қосымша арқылы жұмыс істейтін болады. Ребрендинг нәтижесінде велосипедтер түсі енді көгілдір болмақ.

Жүйені жаңғырту ағымдағы тарифтерге әсер етпейді, абонементтер бұрынғы қолжетімді бағамен қалады: 1 жыл – 10 000 теңге, 3 ай – 6000 теңге. Студенттердің, зейнеткерлердің және мүмкіндігі шектеулі адамдардың 50 пайыз жеңілдігі сақталады.

Жақсылыққа үндейді



Рас
ЕСКЕНДІР

Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығы аясында қалада «Ер Төстік» спектаклінің қайырымдылық көрсетілімі өтті.

Алматы мемлекеттік қуыршақ театрының актерлері көпбалалы және аз қамтылған отбасылардың балаларына арнап өнер көрсетті. Спектакльді көрсетудегі негізгі мақсат – жас ұрпақтың бойына патриотизм мен мейірімділік сезімін қалыптастыру.

«Ер Төстік» спектаклі қазақтың халық ертегісі негізінде жасалған. Оны қазақ тілінің поэтикасы мен құндылығына зор мән берген Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, белгілі ақын Қасымхан Бегманов жазды.

«Ер Төстік» – қуыршақ театры репертуарындағы жаңа қойылымдардың бірі. Спектакльде ағаларын зұлым айдаһардан құтқару үшін алыс сапарға шыққан жас сарбаздың оқиғасы баяндалады. Мұнда басты кейіпкер жақсылыққа, әділеттілікке сенеді және өз мақсатына жету үшін аяңбай күреседі.

Алматы мемлекеттік қуыршақ театрына кіру «Ashyq» жүйесі арқылы жүзеге асырылатынын естеріңізге саламыз. Ол үшін цирк қызметкеріне мәртебесін растайтын «Ashyq» қосымшасы орнатылған билетті және мобильді құрылғыны ұсыну қажет. Мобильді құрылғы болмаған жағдайда, театр қызметкеріне ЖСН нөмірін айту қажет.



#QAZAQSTAN30

«Тәуелсіздіктің мен үшін маңызы...»



Гүлнұр МОЛДАҒАЛИҚЫЗЫ,
Алматы қалалық №32
емхананың дәрігері:

– Еңсесін тіктеп, егемен ел атанып, өз алдына отау тігіп, дербес мемлекет атанған Қазақстан қаншама қиындықтарға жолықса да тастай берік төзімділіктің арқасында, жалпақ әлемге өзінің өршіл үнін, өркениетке деген үмітін мойындатты. Ата-бабаларымыздан мұра болып қалған ұлан-ғайыр атамекен жеріміз, отарлық жоя алмаған тіліміз, мәдениетіміз тек қана қазақтың рухының күштілігімен сақталды. Біздің тәуелсіз Қазақстан Республикасының тарихындағы барлық жетістіктері, қазақ халқының егеменді заманда жаңаша ерекше өрлеуі, өркендеуі, рухани-экономикалық еркіндігіміз, әлемдік қоғамдастық пен дүние жүзінің дамыған озық мемлекеттерімен тереземіз тең, дәулетті елдермен бірдей қарым-қатынас жасау жетістіктеріміздің барлығының алтын бастауы – біздің мемлекеттің Тәуелсіздігінде.



Мәдина МҰҚАШҚЫЗЫ,
«Jas Otan» жастар қанатының
PR менеджері:

– Тәуелсіздіктің төл құрдасы болу пешенеме жазылғанына мақтанамын. Ата-анам да егемендіктің елең-алаңында дүниеге келген тұңғыштарының қуанышы ел тәуелсіздігімен тұспа-тұс келгенін жақсылыққа жорығандарын үнемі айтып отырады. Сондықтан да менің тәрбиеме айрықша қарапты. Алғашқыда орыс тілінің артықшылығын сезінген ата-анам мені Шалқардағы орыс мектебіне берді. Кейін қазақы салт-дәстүрден көл үзбесін, ана тілін білсін деген болуы керек, қазақ мектебіне ауыстырды. Тәуелсіздіктің таңында дүниеге келген перзент ретінде мен оның мағынасы мен маңызын түсінуге тырысамын. Тәуелсіздікті ата-бабаларымыз қаншама ғасырлар бойы армандап, аңсап өткені, осы жолда қаншама алаш азаматтары басын бәйгеге тіккені санамызда сайрап тұруы керек деп ойлаймын. Бүгінде тәуелсіздіктің 30 белесіне көтеріліп отырған Қазақстанның әлем алдындағы биік беделі мен абыройы Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев есімімен тығыз байланысты екені сөзсіз. Сондықтан біз, тәуелсіздік құрдастары, ел ертеңі үшін, Қазақстан тәуелсіздігінің тұғыры берік болуы жолында қайтарымды еңбек етуге дайын маман болып шығуға талаптануымыз керек. Бұл жалаң сөз, бос ұран емес. Бұл бүгін өмір жолын бастаған әр жастың көкейінде жүрер асыл арманы, адал махаббаты болуы керек. Бойымызға Отанға деген сүйіспеншілік пен патриоттық сезімді сіңіре отырып, тәуелсіздіктің мәртебесін көтеретін тың істерге атсалысу ғана біздің өміріміздің мәні болуы қажет. Егемендіктің жасампаз көріністері қоғамдық өміріміздің қай саласында да өзіндік айшығымен айқын аңғарылуда. Міне, осы жасампаздық жолды жалғастыруға біздер дайынбыз ба деген сауал әрбір жасты толғандыруы тиіс деп санаймын.



Танжарық ВАЛИБАЙ,
Абай атындағы ҚазҰПУ
3-курс студенті:

– Біздің тірегіміз – тәуелсіздік, тілегіміз – тұрақтылық, білегіміз – бірлік. Тәуелсіздікпен бірге халқымыз Мәңгілік мұраттарға қол жеткізді. Тәуелсіздік – ең алдымен қазақ халқының бостандыққа ұмтылған асқақ армандары мен қайсар рухының жемісі. Сондықтан да біз үшін Тәуелсіздік күні – ең қастерлі күн. Біз бүгінгі барлық жетістіктерімізге Тәуелсіздіктің арқасында қол жеткіздік. Тәуелсіздік – тәңірдің біздің ұрпаққа берген үлкен бақыты, халқымыздың мәңгілік құндылығы. Тәуелсіздігіміздің 30 жылдық мерейтойы тұғырлы, баянды болсын! Өрқашан төбемізден күн сөнбесін! Тәуелсіз Қазақстанның таңы нұрлы, егемен еліміздің ұрпағының еңсесі биік болып, көк аспанда қасиетті Көк Туымыз мәңгі желбіресін!

Әзірлеген
Ақтолық ТҰРЛЫҒАЗЫ.

Қазақстанның еңбек сіңірген дәрігері, Жүрек-қан тамырлары хирургтары ассоциациясының президенті, II дәрежелі «Барыс» орденінің иегері, қазақ медицина ғылымының көрнекті тұлғасы Сейітхан Жошыбаев ғылыми зерттеу саласы бойынша халықаралық «The name of science» жүлдесіне ие болды.



ҒАСЫРДЫҢ ҮЗДІК ҒАЛЫМЫ



Айнұр
СЕНБАЕВА

«The name of science» жүлдесін Оксфорд академиялық одағы мен Еуропаның бизнес-ассамблеясы тағайындаған. Еліміздегі «Ғылыми-клиникалық кардиохирургия және трансплантология орталығының» директорына бұл сыйлық ұзақ жыл бойы ғылымға сіңірген еңбегі үшін, медицина саласындағы маңызды мәселелерді шешуге қосқан үлесі үшін берілген. Мұндай салмақты сыйлыққа үміткер болуда кандидаттардың еңбек тәжірибесі, ғылыми мақалалары, халықаралық симпозиумдар мен конференциялардағы баяндамалары, бас спикер ретінде қатысқан форумдары, мемлекетке сіңірген еңбектері мен ғылыми атақтары, ғалымдардың ұлттық және халықаралық ұйымдармен байланысы ескеріледі.

«The name of science» құрметті атағын иеленген ізденушінің есімі әлемдік ғылымға қосқан үлесі үшін XXI ғасырдың ең мықты деген ғалымдарының тізіміне енгізіледі.

Дәрігер Сейітхан аға туралы әңгіме қозғалғанда оның әріптестері, шәкірттері ғалымның қарапайымдылығын, еңбекқорлығы мен нағыз кәсіби маман екендігін ерекше мақтанышпен айтады. Өз ісінің шебері Сейітхан Жошыбаев – қолы алтын, жүрегі кең, дана маман. Ол – медицина ғылымының докторы, профессор, Қырғыз Республикасының Ұлттық Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, Қазақстан Профилактикалық медицина академиясының мүшесі, РФ Жүрек-қан тамырлары хирургтары ассоциациясының мүшесі. Тізе берсек, дәрігердің атақ-дәрежесі жетерлік. Ең бастысы, дәрігер-ғалым қазақ медицинасы мен ғылымы үшін тер төгіп келеді.

Бала кезінде Сейітхан аға дәрігер болуды армандамаған да екен. Ол оқушы кезінде геолог, тау-кен инженері болуды жоспарлап, өзінің мақсатына жету үшін әрекет етеді.

– Бала кезімде Алматы тау-кен институтының түлектері киген формаға қатты қызықтым. Олардың киімі әскерилердің формасына ұқсайтын еді. Бірде осы арманымды туысқан ағама айттым. Сол кезде ағам маған одан да дәрігер мамандығын таңдағаным жөн екенін айтып қалды. Ол адамдардың өмірі үшін күресудің маңыздылығын меңзесе керек. Осылайша ағамның бағдар беруімен дәрігерлік жолға түстім, – дейді Сейітхан Жошыбаев.

Тараз қаласындағы Сейітхан Жошыбаев басқаратын «Ғылыми-клиникалық кардиохирургия және трансплантология орталығы» – Орта Азия аумағында жүрекке имплантация жасалған екінші орталық. Бұл орталық тек жергілікті халыққа ғана емес, барша қазақстандыққа жақсы таныс. Ашылған күннен бастап орталық сапалы медициналық көмек көрсету арқылы абыройын асқақтатып келеді. Мұнда ең алғашқы ота 2007 жылдың 22 желтоқсанында жасалған. Әу баста жай ғана «Кардиохирургия орталығы»

болып аталған медициналық мекеме көп ұзамай ғылыми клиника деңгейіне көтерілді. Білікті маман басшылық ететін орталықтың ғимараты да жанарған, заманға сай инновациялық жаңа технологиялармен жабдықталған. Орталықта білімді, тәжірибелі жас мамандар жұмыс істейді. Сейітхан аға 1 ғылым докторын, 9 ғылым кандидатын дайындап шығарды.

Қазақстанда кардиохирургия саласы соңғы 15 жылда қарқынды дамып келеді. Бүгінде елімізде пластикалық хирургияның жаңа әдіс-тәсілдері пайда болған. Шетелдік мамандар Қазақстан кардиохирургтерінің деңгейі өте жоғары екендігін айтып, жақсы баға берген. Елімізде жүрекке жасалатын жай отадан бастап, оны алмастыруға дейін күрделі оталар жасалады.

Жасыратыны жоқ, қан айналымы жүйесінің аурулары қазіргі уақытта Қазақстандағы ересек тұрғындардың мүгедектігі мен өлімінің негізгі себептері болып отыр. Жүрегінде ақауы бар науқастардың саны жылдан-жылға көбейіп барады. 2030 жылға қарай олардың саны екі есе артады деген болжам бар. Қазіргі заманғы дәрі-дәрмек терапиясының тиімділігіне қарамастан, жүрегінде ауыр дерті бар науқастардың шамамен 5%-ына жүрек трансплантациясы қажет болады екен.

Қазақстан жүрек-қан тамырлары хирургтары қауымдастығының президенті, Тараз кардиохирургия және трансплантология ғылыми-клиникалық орталығының директоры, профессор және академик Сейітхан Жошыбаев еліміздегі кардиохирургияның негізін қалаушы ғана емес, трансплантологияның дамуына үлкен үлес қосып жүрген тұлға. Ол отандық медицинадағы маңызды салалардың бірі трансплантологияға мемлекет пен қоғамның қолдауы аса қажет екенін үнемі айтып келеді.

Сейітхан ЖОШЫБАЕВ, дәрігер-ғалым:

ӘР ҚАЗАҚ – МЕНІҢ ТУЫСЫМ

Орталықты тек қана кардиохирургия емес, трансплантология деп атауымыздың өзіндік себебі бар. Мақсатымыз – науқастарға сапалы да жоғары медициналық көмекті қолжетімді ету. Трансплантология екіге бөлінеді. Біріншісі – бүйрек, жүрек, өкпе, бауыр секілді ағзаларды алмастыру. Екіншісі – жасуша технологиясы. Жас клеткадан ағзаға қажетті бөлікті өсіру және трансплантациялау регенеративті технология деп аталады. Біз соңғы жылдары қажетті ағзаларды жасушадан өсіріп, емдеуге пайдалану жағын қарастырып жатырмыз. Бүгінде орталықта сондай зертханалар жұмыс істейді. Трансплантация да түбі регенеративті технологияға бет бұрады. Себебі, адамдардың ағзалары қан топтары сияқты бір-біріне сәйкес келмеуі мүмкін. Қайта жан берілген жасуша технологиясы көп түйткілді шешімді болары анық.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев әлеуметтік бес бастама көтеріп, әлеуметтік салаға үлкен серпіліс әкелгенін елемеге болмас. Ендігі сондай үлкен бір қадам медицинада жасалады деп ойлаймын. Қазір оңірлерде медицина дамып жатыр, трансплантация жасалуда. Осындай ағза ауыстыруға қатысты күрделі оталар тек Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларында ғана емес, оңірлерде де жасауға мүмкіндік бар деп ойлаймын. Болашақта Тараз да еліміздің медициналық орталықтарының біріне айналады деп сенемін. Менің арманым – халқыма қызмет ету. Өйткені, әрбір қазақ – менің ағайыным, туысым, жерлесім. «Алдыңа келген адамға көмектес, көмектесе алмасаң, жолын кеспе» деп айтып кеткен әкемнің аманатын өмірлік ұраным етіп келемін.



ХАЙП пен ЛАЙК

Сөзге ілігу бір кездері ұят саналса, бүгінде сәнге айналып барады

«Атың шықпаса, жер өрте» демекші, қазіргі кезде танымалдыққа ие болу үшін өмірін хайпқа айналдырушылардың, әлеуметтік желі белсенділерінің дәурені жүріп тұр. Жалпы, «хайп» деген не, хайперлердің қоғамға тигізетін әсері қандай? Бұл трендтен кім ұтып, кім ұтылады?



Айнұр
СЕНБАЕВА

Блогерлер мен жастардың арасында сәнге айналған «хайп» сөзі ағылшынның «хуре» сөзінен шыққан. Бұл сөз француз тілінен енген «ажютаж» деген сөзбен синонимдес, ал біздің тілде айғай-шу, даурығу, шу шығару деген мағына береді. NYIP – «High Yield Investment Program» деген бірнеше сөздің қысқарған түрі, тағы бір мағынасы – «табысты, пайдалы инвестициялық жоба» дегенді білдіреді. Яғни NYIP жасау дегеніміз – PR, белсенді түрде бірдеңені немесе біреуді жарнамалау, танымалдыққа ұмтылу, бір оқиғаны әсірелеп көрсету, ел назарын аудару, сенсация жасау. Бұл не үшін керек? Әрине, желіде көп қаралым үшін қажет!

Әлеуметтік желіде танымал блогерлер мен вайнерлердің аудиториясы көп болған сайын олар тезірек табысқа жетеді, кез келген жарнаманы өткізіп, желі қолданушыларын өздерінің табысты болуына пайдаланады. Олардың жаңалығына, фотосы мен видеосына қойылған әрбір лайк, жазылған әрбір пікір олардың пайда табуы үшін маңызды.

Қазіргі таңда әлеуметтік желіні ашып қалсаңыз, біреу ажырасып жат-



канын, енді біреу енесімен төбелескенін, тағы біреу баласын ұрғанын, әйтеуір небір сұмдықты көресің. Танымал болуға деген құмарлық не істетпейді, адамдар тәнін де, жанын да жалаңаштаудан қысылмайтын болған. Хайптың көкесін шоу-бизнес өкілдері көрсетіп жүр. Әлеуметтік желі пайда болғалы жүріп-тұрғандарын, ішкен-жегендерін көрсетуге дағдыланып қалған әнші, бишілер, актерлер қазір өздерінің жеке отбасылық өмірлерінің әрбір сәтін айтып, жарияға жар салады. Үйленгендерін де, ажырасқандарын да, бойларына бала біткенін, оның жынысын, туғанын түгел бөліседі. Одан қалса, телеарналардағы түрлі ток-шоулардың қозғайтыны да белден төменгі әңгімелер. Айтуға аузың бармайтын, көруге көзің батпайтын

оқиғалар ашықтан-ашық эфирде көрсетіледі, бір-бірінің шашын жұлу, тепкілеу секілді арсыздықтарды халық қалыпты жағдай секілді қабылдайды. Осындайда күнде көріп жүрген жасөспірімдер мен жастар әлеуметтік желіде де эфирге шығып алып боктауды, былапыт сөздер айтуды, бірін-бірі мазақ қылуды, дүйім жұртты жинап алып, әдепсіз қылықтар көрсетуді абырой санайтындай.

«Тик-токта» отырғандардың 90 пайызы жап-жас ұл-қыздар десек, олардың санасы әбден уланып, ненің дұрыс, ненің бұрыс екенін ажырата алмайтын дәрежеге жетті. Ар-ұятты ысырып қойып, арзан танымалдық пен жеңіл табыстың «кайфына» мас-танғандар тілге, дінге, ділге пысықырп та қарамайды және оларды жас ұрпақтың тәрбиесі қызықтырмайды да.

СІЗ НЕ ДЕЙСІЗ?

Мөлдір АБЫЛҒАЗЫ, кәсіпкер:

ӘР НӘРСЕНІҢ ШЕГІ БАР

Иә, қазіргі заманның ағымына ілесем деп, құр жүрмей жан-жағын шулатып жүретіндер қаптап кетті ғой. Айталық, былтыр халық індеттен қатты зардап шегіп жатқанда да, хайтерлер коронавирус төңірегінде небір алыпқашпа әңгімелерді таратып, жұрттың үрейін ұшырды. Енді қазір вакцина туралы да небір теріс ақпараттар таратуда. Өткенде бір жігіттің вакцина алғаннан кейін өтірік талып қалғаны да қаншама адамды дүрліктірді. Айта берсек, желіде саудың асын ішіп, жыңдының ісін істеп жүргендер жетеді. Шоу-бизнес өкілдері де бірінен-бірі қалмай, өздерін жарнамалауды әдетке айналдырған. Олар өздері туралы әдейі жағымсыз ақпарат таратады. Оған жұрт сеніп, кәдімгідей оларды талқылайды. Желіде ақпараттар желдей есіп тұрған заманда хайпты өз мүддесі үшін пайдаланушылардың әрекетін жөн деп санамаймын. Әр нәрсенің шегі болады. Бұл заман да өтер, қазір сәл-пәл ой өрісі биік адамдар мұндай дүниелерден шаршады. Дегенмен, қаншама буынның санасын улап отырғанымызға ішім күйеді.



Дәрия МҰХТАРҚЫЗЫ, мұғалім:

ӘЛЕУЖЕЛІГЕ ДЕ ТҰСАУ КЕРЕК

«Бояушы-бояушы дегенге сакалын бояпты» дегеннің керін келтіріп, қазір әлеуметтік желілердің, блогерлердің заманы деген сайын, желідегі бассыздықтар шектен шығып барады. Қай ата-анамен сөйлесем де, баласын смартфоннан ажырата алмай отырғанын айтып, шағымданады. Бұл дегеніміз – технологиялық заманның жетістігі емес, дерті. Бұған қоғам болып жауаптымыз. Біз жалпы, еліктегіш, сөзге тез ергіш, сенгіш халық екенімізді мойындауымыз керек. Осы уақытқа дейінгі мемлекет ретіндегі жетістігімізді саралайтын болсақ, тек әншілердің халықаралық ән байқауында, режиссерлер мен актерлердің кинобайқауларда жүлделі орындарды иеленгенін ауыз толтырып айтамыз. Байқау үшін емес, атақ-даңқ үшін емес, ел үшін пайдалы дүниеге бет бұратын уақыт жетті емес пе? Неге ғылымда, әдебиет пен мәдениетте жеткен жетістіктеріміз жоқтың қасы? Өйткені, жас ұрпақ шоу-бизнесе жүрген «жұлдыздарға» еліктейді. Басқа салада көпшіліктің «кумирі» болатындай тұлғаларымыз аз. Аздаған танымалдығы барлар қазір әлеуметтік желілерді «жаруға» ұмтылады. Екіншісі бірі тренинг өткізіп, елге лекция оқуға құштар. Өйткені, біз оларды өзіміз көтермелеп, өзіміз осындайға жол беріп отырмыз. Блогерлерге құдайдай сеніп, барынан айырылып жатқандарды көріп жүрсек те, сабақ болар емес. Меніңше, желіде желпілдеп хайп жасап жүргендердің біреулерге зияны тиіп жатқаны анықталса, қандай да бір шара қолданып, жауапқа тартылуы керек. Жалпы, әлеуметтік де тұсау керек!



ЕСТІМЕГЕН ЕЛДЕ КӨП

Шырылдауық шегірткенің өзі адамның сүйікті асына айналуы мүмкін. Себебі, қазірдің өзінде шегірткеден крикет, ұн өнімдері мен шоколад алынууда. Ең қызығы, мамандар «шегірткенің тұла бойы дәруменге бай» дейді.



Әсел
ДАҒЖАН

Адамзаттың үштен бірі кедейшілік қамытында өмір сүреді, төрттен бірі тойып тамақ ішпейді, бестен бірі ашкүрсақ жүр. Адамзат қарасы көбейген сайын тұтыну деңгейі артып, бұл жайт өз кезегінде жер бетіндегі шектеулі ресурстың сарқылуына, осылайша азық-түлік қауіпсіздігінің әлсіреуіне алып келуде. Қосымша қорек көздерін іздеген ғалымдар «болашақтың асы» атанған жәндіктерден бүгінгің өзінде қоректік заттар алып жатыр. Бұл бағытта Entomo Ventures сингапурлық компаниясы әлемнің әр түкпірінде, соның ішінде, көрші елде де жеуге арналған шегіртке өсірумен айналысып жатыр. Бұл жайында islam.kz порталы spot.uz ақпарат көзіне сілтеме жасай отырып мәлімдеді.

Шегірткеден алынатын азық түрлері көп: крикет, ұн өнімдері (мәселен, нан), тіпті, шоколад та алуға болады. Қазірдің өзінде шегірткеден жасалған печенье, паста, бизе, мюсли, ақуыз шариктері, т.б.



саудаға шығып үлгерген. Өзге жәндіктер емес, неге шегіртке тандалды? Біріншіден, онда ақуыздан бөлек, темір, фосфор, магний, кальций, полисахарид бар, екіншіден, А, В2 және С дәрумендеріне бай. Тіпті, мамандардың айтуынша, шегіртке бойындағы кальций сүт құрамындағы кальциден көп, шпинатқа қарағанда темір көп, бұршақ тұқымдас өсімдіктерге қарағанда, талшық көп кездеседі. Аталған компания Өзбекстаннан бөлек, бұл бағытта Ресей, Швейцария, Вьетнам, Индонезия және Біріккен Араб Әмірліктерінде жобаларын жүзеге асыруда.

Бір ғана Өзбекстанның өзінде шегіртке фермаларына қатысты тұтас бағдарлама қабылданған. Өзбекстанда шегіртке өсірудің өз тәсілі бар. Олар контейнерге негізделген классикалық фермадан бас тартып отыр. Дәлірегі, бұл контейнерлер қышпақ тұрғындарына табыс етілген, олар шегірткені өсіргеннен кейін орталық фермаға табыстайды. Ал ол жерде шегірткелер өңдеу процесінен өтеді. Мұндай жоба шығынды айтарлықтай азайтады. Шегірткелерді өңдеу үшін жұмыс күші тартылмайды, фермерлер өсіреді, орталық ферма өңдейді. Фермерлер бір контейнердің

өзінен табыс таба алады. Өзбекстан өзінде шегірткеден өндірілген өнімдерді Еуропаға, Таиландқа, Вьетнамға экспорттауды жоспарлап отыр. Шегірткелерді өсіруде осы заманғы озық технология пайдаланылады. Яғни IoT-датчигінің, видеокамераның, нейрожелінің көмегімен жәндіктің мінез-құлқы зерделенеді. Мәселен, видео арқылы шегірткенің жынысы анықталады, шегірткенің шырылы аудиожазба арқылы қадағаланып, жәндіктің жай-күйі, соның ішінде температурасы, шөлдегені, ашыққаны анықталады. Мұның бәрі шегіртке өсіру процесін автоматтандырып, қол еңбегінің үлесін азайтуға септігін тигізбек. Негізінде, шегірткенің еркегінен ұн жасалып, ұрғашысынан түрлі тіскебасар тағамдар дайындалады.

Шегірткені азық ретінде пайдалану, біріншіден, экономикалық шығыны көп ірі қара шаруашылығының одан ары таралуына тосқауыл бола алады; екіншіден, экономикалық тиімділігі – ірі қара атмосфераға бөлетін улы газдың азаюына септігін тигізеді.

Бүгінде жәндіктен алынған қорек нарығы шапшаң дамып келеді – жылдық орташа қарқыны 38%-ға жеткен. Entomo Ventures болжамына сәйкес, 2026 жылы бұл саланың нарықтағы үлесі 1,4 млрд. долларға жетпек, ал бұл көрсеткіш 2018 жылы 152 млн. доллардан асқан еді. Бұл жайт өз кезегінде Азия мен Еуропа және Солтүстік Америка елдерінде аталған жәндік өнімдерінің заңдастырылуына жол ашпақ.

«ЫРШЫП ЖҮРІП»... ДӘМ БОЛҒАН



Тапқан табысты сауатты басқару – қазіргі таңдағы өзекті мәселе. Көп адам ақша таба білгенімен, басын құрап жинай алмай жатады. Бұл туралы мамандардан сұрап көрдік.

Айым
НҮРМАНЭрита
ӘБДІБАЕВА
қаржы
кеңесшісі:

Ақша есепті сүйеді

«Байлықты сіздің тауып жатқан табысыңыз емес, жинап, оны сақтай білгеніңіз әкеледі» деген сөз бар. Маған көбіне адамдар «Ақша табамын, бірақ жинай алмаймын» деген мәселемен келеді. Оның бірнеше себебі бар. Қандай мақсатқа жинайтынын білмеу, ақша жинау әдетінің қалыптаспағаны, қосымша табыс көзін іздемеу себебінен, отбасылық бюджетті басқара алмағандықтан ақша жиналмайды. Немесе көп ақшаны игеруге қорыққандықтан, жаратып қоя беремін деп жауап береді. Ақша тек мақсатқа сай жиналады. Мысалы, баспаналы болу үшін, көлік алуым керек немесе саяхаттағым келеді деген сияқты мақсатқа сай белгілі бір соманы жинап отыруға тырысады. Ең болмағанда, табысының 10%-ын қорға жинап отыру керек. Мысалы, айына 100 мың жалақыға өмір сүретін адам 90 мың теңгеге де өмір сүре алады. Ал 10 мың теңгесін депозитке салып отырса, көп ұзамай соған әдеттеніп, тіпті арттырып отырады. Солайша сіздің бір жыл жинаған ақшаңыз шет елге демалуға, үш жыл жинаған ақшаңыз автокөлік иесі атануға жеткізетінін ұмытпау керек. Ақша есепті жақсы көреді. Сондықтан кіріс-шығысты жоспарлау, жазып отыру өте маңызды. Тіпті, дүкенге азық-түлікке барған кезде алдын ала бәрін есептеп, жобалап алған жөн. Ақша жинауды білмейтін адамның көп ақша тапқанынан пайда жоқ. Аз-кем табысын басқарып үйренген адамға ақша жинау қашан да жеңілрек.

Бекжан ӨМІРЗАҚ,
қала тұрғыны:

Артық шығыннан арылыңыз

Үйленбей тұрып, баспанаға қаржы жинауды ойлай қоймадым. Бір түсінгенім, бойдақ кезде ақшаны қалай ұстауды, жаратуды, үнемдеуді, жинауды да біле бермейді екенбіз. «Ақша жинау үшін табысың жоғары болуы керек» деген де жаңсақ пікір.

Мен отбасы құрғаннан кейін ай сайын түсетін табысты жүйелі жұмсап, реттестіріп отыруды үйрендім. Жалақы түсе салысымен дүкенге жүгіріп, қажетсіз заттар алуды қойдым. Алдымен шығындарды есептеп, қаражаттың қайда жұмсалатынын жоспарладық. Бір айға бюджет жасап, жалақының бір бөлігін шотқа үзбей салуды, шығындардың тізімін жасауды, дүкенге де тізіммен баруды үйренген кезде артық шығынымыз азая бастады. Баспаналы болғанша кейбір дүниелерден бас тарта тұрдық. Бүгінде «Алматы жастары» бағдарламасы арқылы Алатау ауданынан бір бөлмелі пәтер иесі атандық. Ақша тиыннан құралатынын ұмытпаған жөн. Бүгінгі жинап жатқан аз табысыңыз бірнеше жылда арманыңыздағы баспанаға жетуге үлкен баспалдақ болмақ. Сондықтан қаражат жинауды бүгіннен бастаңыз дегім келеді.

Дәулет ТӨЛЕУТАЙ,
экономист, сарапшы маман:

Әрекетке – берекет

Қазір көп адам пандемияға байланысты табысына алаңдаулы. Кім баспаналы болып, жақсы бір көлік мінгісі келмейді дейсіз. Менің үнемі айтатыным, жақсы өмір сүру үшін бірінші кезекте қаржылық сауаттылықты арттыру керек. Ол үшін қанша айлық алсаң да, бастысы, белгілі бір бөлігін жинап үйрену қажет. 50 мың теңге айлық алатын адам 5 теңгеден жинай алмаса, ол 500 мың табыс тапқан кезінде де бәрібір ақшасын игере алмайтын болады. Мысалы, баспанаға жету жолын «орман» деп алайық. Егер үй алу үшін бағытымыз дұрыс болмаса, орманда адасып, біреуге жем болатынымыз анық. Бағыт дұрыс болу керек дегенді қалай түсінеміз? Баспана алу үшін мынандай бағдарлама бар екен, банктердің пайызы мынандай екен деп, жөн-жосығын білетін болсақ қана адаспаймыз. Мемлекеттің халық үшін тиімді бағдарламалары жетіп жатыр. Бірақ бізде көбінесе халыққа ақпарат дұрыс жете бермейтіні қынжылтады. Халық та дұрыс бағытта ізденуге тырысуы керек. «Әрекетке – берекет». Тек сауатты әрекетке көшейік.



«Айбала» деген – қай бала?

Әсел
ДАҒЖАН

АҚШ-тың Атланта қаласында тұратын Кэмерон есімді 14 жасар қыздың Қазақстанға деген махаббатының күштілігі сонша, еліміздің мәдениетін өз бетінше зерттеп, қазақ тілін меңгеруге кірісіп кетіпті.

Жас америкалық қазақ тілін интернеттегі онлайн-платформа арқылы үйреніп жүр. Сондай-ақ, ол өзіне «Айбала» есімін қойып алған, өйткені, оған осы есімнің мағынасы ұнаған көрінеді («Ай баласы»).

Айбаланың Қазақстанға қызығушылығы екі жыл бұрын оянған. Америкалық қызға қазақ тілінің дыбысталуы ерекше ұнайтын көрінеді, сондықтан ол тілді үйренемін деп шешкен.

Айбаланың ендігі арманы – Қазақстанға ұшып келіп, елімізді өз көзімен көріп, мәдениетімен танысып және жергілікті тұрғындармен қазақ тілінде сөйлесу. Әзірше оқушы қыз елімізде болып жатқан оқиғалар туралы хабардар болып отыру үшін қазақстандық жаңалықтарды жібермей оқып жүр.

Тай да, қой да қалады...

Барлық мәселе қаржыны орнымен жұмсай білуде

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Ай бойы күткен жалақы қолға тиген кезде жұрттың көбі бірден сауда жасап, азық-түлік алып, қысқасы, қажеттілікке жұмсауға асығатыны жасырын емес. Алайда, ай сайынғы табысыңыз келесі жалақы алатын уақытқа дейін жетіп, тіпті, бір бөлігі артылсын десеніз, қаржылық сауатыңызды жетілдіргеніңіз жөн.

Статистикаға сәйкес, қазақстандықтардың үштен бірі кіріс-шығысын мұқият есептеп, жүйелі жүргізбейді. Қарызданып-қауғаланып, оңды-солды несие алады. Ал ол қарызды өтеуге келген кезде шақшадай басы шарадай болатындар жетіп-артылады.

Перизат БАУЫРЖАН,
қаржыгер:

– Бүгіннен бастап өзіңіздің ғана емес, отбасы мүшелеріңіздің қаржысын бақылауға алуға кеңес беремін. Себебі, жұрттың көпшілігі айдың аяғында ақшасының 40–50 пайызы қайда кеткенін білмей қалып жатады. Елімізде қаржылық сауаттандыру мәселесі жолға қойылса, сауат та артар еді. Әрбір жеке тұлға өзі үшін де, отбасы үшін де қаржылық білімді дамыту керек деп ойлаймын. Мәселен, денесінде артық салмағы бар адам арнайы дұрыс тамақтану мен физикалық жаттығу арқылы денсаулығын түзей алады. Сол сияқты, ақшасы айлықтан айлыққа жетпей, жоқшылықта өмір сүріп жүрген адам қаржылық тәуелсіздікке жету үшін міндетті түрде қаржылық білімін арттырып, сол тығырықтан шыға алады. Жақсы өмір сүргіңіз келсе, қаржылай тәуелсіз болуды мақсат қойсаңыз, онда мына қағидаларды ұстануға маман ретінде кеңес беремін.

Керек кеңес

– Тапқан табысыңызды азырақ жұмсауға тырысыңыз;
– Сатып алған заттың бағасын ғана емес, оны ұстауға кететін шығынды да ескеріңіз;
– Кірісіңіздің 10 пайызын жинауды әдетке айналдырыңыз;
– Кіріс пен шығысыңызды жазып отыруға дағдыланыңыз.
Егер сіз бір жылдық кіріс пен бір жылдық шығысыңызды жазып көрсеніз, кірістен шығысыңыз көп екенін байқайсыз. Яғни бар күш-жігеріңізді, уақытыңыз бен денсаулығыңызды артық шығынды жабу үшін зая кетіресіз.

P.S.: Қоғамда барлығы уақыты мен күшін қаржы табуға ғана жұмсайды, ал жинауға, сақтап қалуға, көбейтуге тырыспайды. Біздің ай сайын қанша тапқанымызға қарағанда, қанша ақшаны үнемдегеніміз маңызды.

Он саусақты бірден ауызға тыға алмайтыныңыз секілді, қаржылық білім алуға деген қадамды да біртіндеп бастау керек. Жоғарыдағы қарапайым қағидалар тапқан табысыңызды жөнді жұмсауға дағдылану үшін де, қаржылық мүмкіндігіңізді кеңейтуге де көмектеседі.

Қазақта «Тарта жесең – тай қалады, қорқа-қорқа жесең – қой қалады. Қоймай жесең – нең қалады?» деген сөз бар. Сол айтпақшы, үнемдей білсек – тай да, қой да қалады. Тек бар мәселе қаржыны орнымен жұмсай білуде екенін түсінсек болғаны.

ҚАЗАҚСТАН
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ

30 ЖЫЛ

Төрехан
ДАНИЯРОВ

ЖАСАМПАЗДЫҚ ЖОЛЫ:

